

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**Қосымша білім берудің бағыттары бойынша
жазғы сауықтыру және бағдарлы лагерьлерінде тәлімгерлердің
жұмыстарын ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулар**

Астана – 2013

Қосымша білім берудің бағыттары бойынша жазғы сауықтыру және бағдарлы лагерьлерінде тәлімгерлердің жұмыстарын ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулар (әдістемелік нұсқаулар) – ҚР БжҒ РҚББОӘ әлеуметтік-педагогикалық бөлім – Астана, 2013., - 64 бет.

Бұл әдістемелік нұсқаулықта балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру, қосымша білім берудің бағыттары бойынша жазғы сауықтыру және бағдарлы лагерьлерде тәлімгерлердің жұмыстарын ұйымдастыруға байланысты сұрақтар қамтылған.

Барлық деңгейдегі білім саласындағы басшыларға, сынып жетекшілеріне, тәлімгерлерге, қосымша білім педагогтеріне ұсынылады.

Мазмұны

1. Кіріспе	4
2. Лагерь өмірінің құндылықтары	7
3. Балалар сауықтыру лагеріндегі тәлімгердің (ұйымдастырушы-педагог) құқығы мен міндеттері	14
4. Тәлімгердің әдеп негіздері	18
5. Тәлімгер өзінің тәрбиеленушілері жайлы нені білуі керек	25
6. Тәлімгердің жұмысында болжанатын қиындықтар	28
7. Лагерьдегі күн тәртібі және оны ұйымдастыру	40
8. Лагерьде дәстүрлі күндерді ұйымдастыру	42
9. Балалар лагеріндегі өзін-өзі басқарудың ерекшеліктері	50
10. Балалар сауықтыру лагерінде жұмысты жоспарлау әдістемесі	54
11. Ойын қызметінің ерекшеліктері	57
12. Лагерьдегі төтенше жағдайларда тәлімгердің әрекеттері	60
13. Әдебиеттер тізімі	64

Кіріспе

Тәлімгер түсінігі – тек көп мағыналы ғана емес, сан қырлы. Еліміздегі түрлі ауылдарда және қалаларда балалармен жұмыс істеуге жігерлі, ынталы болған адамдар, төңкерістен кейін балалар бірлестіктерін құрып, пролетарлық рухтағы балалар мен жасөспірімдерге тәрбие беру мақсатында алғашқы балалар бірлестігі құрылған. 1922 жылы пионер ұйымы құрылды. Сол кезде күрделі және жауапты болашаққа қанат қаққан тәлімгер деген кәсіп пайда болды. Бұл сөздің түпкі мағынасы «алып жүру», «бас болып, алда жүру» деген ұғымдардан пайда болған.

Тәлімгердің қызметі бірден кәсіби мағынада болған жоқ. Алдымен тәлімгер болып жұмысшы жігіттер мен қыздар атқарды, олар тәлімгердің жұмысын жұмыс күні біткеннен кейін қоғамдық жұмыс ретінде орындады. Ал 50 жылдары педучилищелерде тәлімгерлерді дайындай бастады. Кейінірек 1961 жылдан бастап орта мектептердегі өндірістік оқу орындарындағы 9-11 сыныптың оқушыларынан тәлімгер дайындау мәселесі шешілді.

1966 жылдан бастап пединституттарда тарих-педагогика факультеттері ашылып, оны бітіруші түлектер бірден: тарих пәнінің мұғалімі және пионер жұмысының әдіскері деген екі мамандықтың иесі болды. Пионер ұйымының ыдырауына байланысты тәлімгердің дәрежесі де ауысты. Басында пионер ұйымының жұмысын орындаушы адамды жәй ғана тәлімгер, содан кейін педагог-ұйымдастырушы, соңғы жылдары – балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастырушы немесе балалар қозғалысының ұйымдастырушысы деп аталып жүр.

Бүгінгі таңда «тәлімгер» сөзі кеңінен білім алған, жан-жақты дамыған маман, тұлғаның физикалық және адамгершілік болмысы жетілдірілген деген ұғыммен пара-пар мағынада қолданылып жүр. Заманауи тәлімгер өзін білімді, педагогикалық іскер, психолог, социолог деп санайды. [2]

Демалысты ұйымдастыру, балалардың бос уақыты мен денсаулығын нығайту мемлекеттіміздің маңызды міндеттері. Мемлекеттік саясаттың аясында соңғы жылдары балалардың демалысы мен денсаулығын нығайтуға айрықша назар аударылуы білім беру мен тәрбиедегі сабақтастықты қамтамасыз етеді. Балалар мен жасөспірімдердің демалысы және олардың денсаулығын нығайту іс-шаралардың жиынтығын анықтау ретінде, балалардың шығармашылық ықпалын дамытумен қамтамасыз ету, олардың денсаулығын жақсарту, кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықты алдын-алу шараларын сақтау, балалардың салауатты өмір салтына дағдыландыру, санитарлық-гигиеналық және санитарлық-

эпидемиологиялық талаптарды орындауда жағымды қоршаған ортадағы өмір қызметі мен тамақтану тәртібін сақтау. [13]

Маусымдық демалыс уақытында балалардың демалысын ұйымдастыру – бұл ең алдымен баланың әлеуметтігін қорғау. Мектеп жанындағы лагер өте маңызды міндеттерді атқарады деп саналады: ересектердің тарапынан балаға қатаң қадағалау мен қараудың уақыты азаяды. Әрине әр баланың жазғы маусымға құрған өзіндік жоспары болады. Дәлірек айтсақ, лагер әр баланың құндылығын анықтайды, түрлі әлеуметтік тәжірибеге қарай жұмылдыру кеңінен жүзеге асырылады. Ал біздің міндетіміз – оларға көмектесу.

Балалар лагерлерінің қызметі былай бөлінеді:

– Балаларды сауықтыру лагерлері (қала сыртындағы және мектеп жанындағы) – олардың қызметінің негізгі мақсаты: балалардың демалысын ұйымдастыру және денсаулықты нығайтудың алдын-ала шаралар жұмысы;

– санаторлық лагерлер – негізгі жұмысы балалардың салауатты өмір салтын бекіту және денсаулығын нығайтуға бағытталған;

– мамандандырылған және бейінді лагерлер (спорттық-денсаулықты нығайту, туристік, өлкетану және басқа) – жұмыстары кәсібилікті анықтау бойынша қызметті ұйымдастыруға бағытталған;

– денсаулықты нығайту орталық жұмыстарының негізгі бағыты балалардың денсаулығын нығайту;

– базалар мен кешендер – бағыттар бойынша жұмыстардың қызметтерін ұйымдастыру;

– еңбек және демалыс дагерлері – білім алушылардың демалысын ұйымдастыру жағдайында білім алушылардың еңбек қызметін ұйымдастырады. [17]

Мектеп жанындағы жазғы лагерлер балалардың тұрғылықты мекендері бойынша балалардың бос уақытын ұйымдастырудың маңызды белгілері болып табылады:

– балалар мен жасөспірімдердің қабілеттерін ашуға жағдай жасау;

– құрдастарының ортасында, мектепте, жанұядағы қарым-қатынас тапшылығының орнын толтыру;

– тұлға өз қажеттілігіне сәйкес қосымша білім алуы.

Балалардың денсаулығын нығайту лагері, мамандандыруға және ведомстволық жабдықтарға тәуелді болмай, балалардың денсаулығын нығайту мен демалысын толыққанды және маңызды қамтамасыз етуге жұмылдыру, сондай-ақ оларды тәрбиелеу мәселелерін шешуге бағытталған. Белгіленген мақсаттарды жүзеге асыруды шешуде мақсатты кешенді психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және басқарушылық міндеттері:

– балалардың сауықтыру лагерінде ең алдымен баланың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру үшін жағымды тәрбие беру ортасын құру, оны рухани негізде жүзеге асыру;

– балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау, қалпына келтіру үшін табиғи жағдайларды қолдану, мектеп оқушыларын салауатты өмір салтын таңдауға жұмылдыру;

– тұлғаның әлеуметтік бейімделуін дамыту және қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдердің қоршаған әлеммен өзара тиімділік дағдыларын қалыптастыру үшін, тұлға қажеттілігін қанағаттандыруға, құрметтеуге және мойындауға, өзін-өзі қалыптастыруға жағдай жасау;

– қосымша білім беру қызметінің кеңейтілген спектрін ұсыну, өзін шығармашылық тұрғыда жүзеге асыру, ауысымдағы әр қатысушы өзін-өзі жетілдіруге және өз пікірін айтуға және жеткіншектердің өзін-өзі кәсіби анықтауы;

– балаларды сауықтыру лагерінде тәрбие жүйесінің моделін қайта өңдеу, нақты бағдарламалардың міндеттерін шешуге лагерьдің барлық қызметін және педагогикалық ұжымдардың интерграциясын алдын-ала ұсыну, басқару құрылымдарын әдістемелікпен суреттеу, механизмдер мен үлгілердің ынтымақтастығын, педагогикалық технологиялар, тиімділік пен нәтижелілікті бағалау жүйесі. [16]

Лагерьге қатысушылар анықталған білім саласына деген қызығушылығын толық қанағаттандыру мүмкіндігін, құрдастарының ортасында шығармашылық немесе өнер демалысын қолдану, өзінің таланты мен қабілетін көрсету, жаңа достарды, жаңа әлеуметтік тәжірибелерді табу. Лагерьдің орталықтандырылған идеяларының бірі баланың дамуы болып табылады. Идеяларды дамыту мүмкіндігі еркін таңдау ұстанымында жүзеге асырылады. Біркелкі жоспар, шығармашылық қызмет баланың сезімін қозғайды және тұлғаның өзін саналы түсінуіне ықпал жасайды. Балалардың денсаулығын нығайтуды тиімді ұйымдастыру үшін және тәрбие беру үдерісін ұйымдастыруда балалар лагерінде мүмкіндік мол болуы керек. Денсаулықты нығайтуға денсаулықты тұрақтандыру, сақтау, орнын толтыру, организмнің бейімделу мүмкіндігін кеңейту, түрлі факторлардың әрекетіне қарай тұрақтылығын көтеру, оның физикалық және психикалық бірлігін құрастыруда денсаулықты нығайту мәселесін қайта қарау керек. Кешенді іс-шараларды жүзеге асыру жағымды мүмкіндікті тиімді сауықтыру, түрлі қызметтерді біріктіреді: медициналық, білімділік, әлеуметтік, психологиялық және басқа жүйені де құрайды.

Лагерь жағдайында балалардың жұмыспен қамтылу міндеттерін шешу, олардың қызметтері жекелеген қызығушылықтарын қанағаттандырумен байланыстырып, қызметтің жекелеген қажеттілігіне сай шығармашылықты ықпалды дамытуға бағытталған. [14]

Лагерь өмірінің құндылықтары

Үйдегі жағдайдан лагерьдің айырмашылығы – балалардың табиғатпен қарым-қатынасқа түсіп, тәжірибе жинайтын ең маңызды қасиеттерінің бірі лагерьдің бағдарламасы мен дамыту мақсатының негізгі факторы болып табылады. Бұл лагерь өмірінің кейбір құндылықтары болып саналады.

1. *Дербестіктің тәжірибесі.* Құрдастарымен бірлесіп тұру мүмкіндігі үйден алыстап өмір сүру тәсілдерін, ұжым ішінде өзін ұстауды үйретеді.

2. *Көңіл көтеру және демалыс.* Баланың демалыста алған дағдылары өмірінің соңына дейін бірге жүретін бағалы және пайдалы тәжірибе болып табылады.

3. *Демократиялық тәжірибесі.* Лагерьдегі әр түрлі тәрбие балаларға нақты демократиялық бірлестікте өмір сүру мүмкіндігін береді.

4. *Балалар өнерпаздығы.* Лагерь бағдарламалары балалардың қызығушылықтарына байланысты құрылуы керек. Осындай жағдайларда ғана бала лагерьдің өмірін жоспарлауға және ойды іске асыруға белсенділік танытатын болады.

5. *Ересектермен достасу.* Тәлімгерлермен қарым-қатынас құру – көптеген балалар үшін үлкендермен қарым-қатынасқа түсудің жаңа бір түрі. Тәжірибелі тәлімгер оқушы үшін жақсы дос. Ол балаларға қолдау көмек көрсетіп, ұсынысын айтады және шәкіртінің ойын тыңдап, атқаратын ісі мен мінез-құлқына бағыт-бағдар беріп отырады.

6. *Дара бой жету және даму.* Лагерь баланың бойындағы мүмкіндіктерін ашуға, жеке тәртібіне құрметпен қарауға және ынта-жігерін байқап көруге мүмкіндік беруі керек.

7. *Денсаулықты сақтау тәжірибесі.* Өмір қауіпсіздігі мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға көмектеседі. “...Жаттықтыра салауатты өмір салтын қолдау әдеті, қауіпсіздік туралы ғана емес, сергектіктің практикалық дағдыларын іске асырады”.

8. *Бұрынғы қызығушылықтарды жетілдіру және жаңа дағдыларды дамыту.* Жылдар өткен сайын лагерьдегі қызметтің сан алуан түрі жоғары бағаланады.

9. *Рухани өмірді және құндылықтарды дамыту.* Бұл ұғымдардың көбісі балаларға оқу арқылы емес, өздігінен келеді.

10. *Өзінің жасаған істері үшін жауапкершілік дағдыларын жетілдіру;* өздігінен шешім қабылдау, басқалардың құқықтарын құрметтеу, ұжымға және тұлғааралық қатынастарға бейімделу, табиғатты қорғауға қамқорлық таныту.

Лагерьдің құндылықтарын сәйкесінше бағдарламалар құрып жетілдіру әбден мүмкін. [1]

Лагерьдегі балалардың өмір сүруіне байланысты бағдарламаларды қалай құруға болады

Бұл туралы лагерьдің басшысы ғана емес, сонымен бірге тәрбиеші мен тәлімгердің де білгені пайдалы

1. Лагерьдің стратегиясын анықтау

Лагерьдің ауқымды мақсаты болып табылатын өзіне қажетті құндылықтарды анықтауы қажет. Лагерьдің стратегиясы, мақсаты мен міндеттері – бағдарламаны құру үшін бастапқы нүкте болып табылады.

СТРАТЕГИЯ

Стратегия лагерь қызметіндегі бастапқы сызық болып табылады. Лагерьдің бүгінгі маңызды стратегиясы - тәрбиенің әр түрлі деңгейіндегі балаларға кемелділікті табуға көмектесетін, өзін тереңірек түсінуге көмек беретін қоршаған ортамен қарым-қатынасы.

Стратегия, мақсат пен талаптар құрылғаннан кейін (ауызша немесе жазбаша түрде) оны лагерьдің ұжымы болып талдау, талқылау пайдалы.

2. Бағдарлама қайдан бастау алады?

Әр түрлі мақсаттар бағдарламалар және жоспарларды құруға әкелетіні түсінікті. Бағдарламаны бастапқыда жоспарлаған кезде лагерьдің басшысы мен ұжымы қойылған мақсаттарға келісімдерін берулері керек.

Егер бағдарламада жоспар мен талаптар көрсетілген болса ғана, мұндай бағдарлама тиімдірек болады.

Лагерьлердің бағдарламасына екі тәсіл тән: орталықтандырылған және орталықтандырылмаған.

Лагерьдің қызметі орталықтандырылған бағдарлама үшін лагерьдің қызметшісінің кең өкілдігімен және баланың қатысуымен белгілі бір кесте бойымен жоспарланады. Бұл философияда лагерь өміріндегі әр түрлі қызмет түрлері және әр түрлі жастағы балалардың топтық қызметтеріне акцент беріледі.

Мақсат және талаптар

Лагерьдің типі	МАҚСАТЫ <i>(Лагерьдің стратегиясын нақтылайды және тәрбиелік тағылымды таңдайды)</i>	ТАЛАПТАРЫ <i>(Жетілдіру үдерісінің көмегімен белгіленетін кезеңдік мақсаттар)</i>
Бағдарлы (сауықтыру)	Баланы әлеуметтік үдеріске арнайы жұмылдырады	Баланың мүмкіншілігі мен қызығушылығын ескере отырып, оны әр түрлі қызмет түрлеріне кірістіру

		Жас аралық қарым-қатынас мәдениетін және өзара іс-әрекетті қалыптастыру
		Психологиялық-әлеуметтік оң көзқарасты құру
Бағдарлы (спорттық)	Баланың физикалық тұлғалығын жетілдіру үшін жағдай жасау	Спорттың түрлеріне қызығушылығын дамыту
		Салауатты өмірге деген құндылықтарды қалыптастыру
		Өзіндік жетілу үшін балаға спорттың түрін таңдауға мүмкіндік беру
Бағдарлы (ЮНЕСКО планетасы)	Демократиялық қоғамда өмір сүру тәжірибесін қалыптастыру	Тұлғаның базалық қасиеті ретінде толеранттылықты жетілдіру
		Демократиялық қоғамның моделі ретінде құқықтық кеңістігін құру
		Мәдени ортада өмір сүру және тәжірибені қалыптастыру

Екінші жағынан алғанда, орталықтандырылған бағдарлама лагерьдің өмірлік қызметінің, ұжымның және топтың жеке жоспарының негізінде құрылады. Маңызды жағдайлар кезінде ғана топ лагерьдің бағдарламасына ене алады: маңызды қызметтерді орындау және бірге тамақтану кездері (медициналық профилактикалар, тамақтану). Лагерь өмірінің философиялық акценті бұл қарым-қатынастарда топтың ішінде және үлкен лагерь бірлестігінен тәуелсіз болуға жасалады. Осындай бағдарламаларда балалардың тұратын мекендері бойынша жарты бөлігі жоспарланады. [1]

Лагерьдің қызметін жоспарлау үлгілері

Бағдарлама		
Орталықтандырылған	Орталықтандырылмаған	Біріккен
07.30 – ұйқыдан ояну	08.00 – таңғы ас	07.30 – ұйқыдан ояну
08.00 – туды көтеру	Демалысқа бөлінген уақытты, бөлмені жинаумен қоса құрылған бағдарламадағы қызметтер	8.00 – таңғы ас
08.15 – таңғы ас және бөлмені жинау		9.00 – жеке жоспардағы қызметтер
09.30 – 1 қызмет түрі		10.00 – топтың жеке жоспарындағы қызметтер
10.45 – 2 қызмет түрі		11.00 – бөлмені жинау
12.30 – түскі ас, демалыс	12.30 – түскі ас, демалыс	12.30 – түскі ас, демалыс
14.15 – 3 қызмет түрі	Топтармен бірлесіп жұмыс жасайтын жоспардағы қызмет түрі	14.15 – топтармен бірлесіп жұмыс жасайтын жоспардағы қызмет түрі
15.30 – 4 қызмет түрі		
16.15 – суға жүзу және т.б. қызмет түрлері		
18.00 – кешкі ас	18.00 – кешкі ас	18.00 – кешкі ас
19.00 – бос уақыт	Топтармен бірлесіп жұмыс жасайтын жоспардағы қызмет түрі	19.00 – бос уақыт
20.00 – кешкі бағдарлама		
21.30 – түнгі ұйқыға жату	Жоспарланбаған лагерьдің қызметтері	21.30 – түнгі ұйқыға жату

Бір жаз маусымынан екінші жазға ауысарда жинақталған тәжірибе арқылы анықталған лагерьдің жұмысының тиімді тұстарына байланысты лагерь өмірінің философиясын құруға болады.

3. Бағдарламаны құру кезендері

- Лагерьдің шығыс стратегиясын, мақсаты мен міндеттерін анықтау бағдарламаны құрудағы бірінші кезең болып табылады.

- Әртүрлі көзқарастағы ата-аналар мен олардың балаларының қызығушылықтары мен сұраныстарына талдау жасау екінші кезең болып саналады. Мұндай ақпараттарды алуға топқа құрылған мақсатты сұрақтар, жеке-дара әңгімелесі, арнайы құрылған сауалнамалар көмектеседі.

- Үшінші қадам — талдаудың нәтижесіне сәйкестендіре отырып, лагерьдің мақсаты мен міндеттерін қайта қарап шығу қажет.

- Лагерьдің ресурстарын бағалау төртінші қадам болып табылады. Осы ресурстарға (лагерьдің жұмыс жасайтын табиғат ортасы; материалдық-техникалық базасы; кадрлық құрамы және т.б.) жоспарланған бағдарламаның қаншалықты сәйкес келетінін анықтау қажет.

- Осы кезеңде белгіленген бағдарламаны жетілдіруде көшбасшылық дағдылары бар тәжірибелі мамандардың қажеттілігін лагерьдің директоры анықтайды.

Осындай талдаулардан кейін директор өзінің қызметшілерімен бірге бағдарламаны құруға және оның қызмет түрлерін құрастыруға кіріседі. Осы үдеріс кезінде құрылымдық және бейресми уақытта, белсенді демалыс уақыттарында жалпы топтық мақсат пен кіші топ ішіндегі мақсаттардың ортасындағы теңгерім орындалуы керек.

Бағдарлама нақты анықталғаннан кейін және оны жүзеге асыру үшін қаржы ресурстары бөлінгеннен кейін ғана директор бағдарламаны құрудағы алтыншы кезеңмен – перспективтік клиенттерінің маркетинг бағдарламасымен жұмыс жасауды бастайды.

Бағдарламаны жүзеге асыруда және оның соңына дейін жетінші кезең – бағдарламаны жүргізудегі бағалау орындалады. Ол оның пісіп жетілуіне әкеледі.

4. Жазғы лагерьлерде қандай бағдарламаларға акцент қойылады?

Лагерьдің стратегиясын құрудағы үдерісіне байланысты (оның құндылықтары бойынша) бағдарлама ортақ немесе арнайы болуы мүмкін.

Балалар лагерінде бағдарламаны таңдау балалардың қызығушылықтарына және жалпы білім беру ордаларындағы ұстаным мен ата-ананың талабына, коммерциялық спорт мектептері мен

мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың бағыттарына баланың дамуына және оның кейбір дағдыларына байланысты болуы қажет.

Лагерьлердің көпшілігі баланы қызықтыратын және әр түрлі қызметті таңдауға мүмкіндік беретін ортақ бағдарламаларды ұсынуды жалғастырып келеді. Көптеген лагерьлер таңдау еркінің мүмкіндігін беретін ортақ бағдарламаларды ұсынады. Кіші жастағы балаларға ортақ бағдарламаны ұсынады, ал ересек балаларға бағдарлама арнайы құрады. Лагерьлердің географиялық жиі орналасуы лагерьдің мамандануын өздігінен анықтайды, сонымен бірге оның артықшылығын, яғни, тауы, көлі, өзені ескереді. Ортақ немесе арнайы бағдарламалардың қайсысының жақсы екені туралы айту тиімсіз. Лагерьдің құндылығы оның басшылығына және демалысқа шығатын балалар мен өкілдердің мақсаттарына сәйкес болуы тиіс.

Мамандандырылған лагерьдің қызметшілері кіші балалардың бір спорт түрінде немесе қызметтегі дағдыларын қайта бағалауда абай болуы керек.

Мұндай лагерьлерде де басқа қызметтің түрімен шұғылдануға мүмкіншіліктер болуы керек.

Екінші жағынан бағдарлама құрғанда ересек жастағы балаларды шытырман оқиғаға толы қызметке жұмылдыру үшін ортақ бағдарламамен жұмыс жасайтын лагерьлер аса көңіл бөлуі керек.

Үлкен тәжірибеге қол жеткізгісі келетін қызметшілер мамандандырылған бағдарламадағы арнайы қызметтегі жалпы тәрбиелік рөлдің тым асып кетпеуін қадағалағаны дұрыс. Бір жағынан баланың жеке қажеттілігіне көңіл бөлуі керек, бірақ тәрбиеші мен тәлімгердің міндеттерін атқаруға міндетті емес.

Арнайы бағдарламалар бойынша қызмет түрлері

Лагерь жағдайында пайдаланылатын қызмет түрлерін кеңейтуді лагерьлер жалғастырып келеді. Қарапайым балаларға арналған лагерьде жетілдіруге мүмкіндігі жоқ лагерьдің стратегиясынан және оны есепке алудан басқа бұл қызметтердің түрлеріне шек жоқ. Көптеген лагерьлер табиғат ресурстарының мүмкіншіліктері бар жерлерде орналасқаны анық, ол лагерьдің бағдарламасындағы негізгі қызмет түрін таңдауға мүмкіндік береді. Лагерьде қолданылатын жалпы қызмет түрлерін көрсетейік.

Жер бетіндегі ойындар және спорттың түрлері

Командалық: бейсбол, баскетбол, футбол, волейбол, пионербол.

Дара: теннис, бадминтон, садақпен ату, ату спорты, жылқы спорты, үстел үстіндегі теннис.

Бейресми: салочкалардың барлық түрлері және тығылмақ.

Су ойындары және спорттың түрлері

Суда жүзу: демалыс, жаттығу, жүзуден жарыс ұйымдастыру.

Суда ойналатын белсенді ойындар: су полюсы, балық аулау, судағы балет.

Су спортының түрлері: толқындардағы желкендер, сырғанаудағы желкен, жүріс, ескек, каноэ, су шаңғысы, суда жүзуге арналған тақта.

Өнер

Орындаушылық өнер: музыка, би, драма, әдеби шығармашылық.

Қолөнер және өнер: сурет салу, керамика, тері материалдарынан түрлі бұйымдар жасау, металл және ағашты өңдеу ісі, жіп пен мата қиындыларынан тұрмыстық дүниелер тоқу, зергерлік, фото сурет түсіріп, видео көріністер жазумен айналысу.

Табиғаттағы қызметтің белсенді түрлері

Табиғаттағы өмір тәжірибесі: шатырдағы өмір, отты жағып, тамақ пісіру, айналаны бағдарлау арқылы орналасқан жердің ерекшелігін зерделеу.

Дене күш жүктемелері: жаяу жүріс, тауға көтерілу, жол дорбасын камдау, каноэні басқару, шаңғымен қарда жүру, жорыққа шығу.

Табиғатқа бағытталған қызмет түрлері: табиғатқа жорыққа шығу, теңіз жорықтары, құстарды бақылау, тау жорықтары, табиғатты қорғау, астрономия, жануарларды, көбелектерді, бау-бақшаны бақылау.

Орын ауыстыру әдісімен іске асатын қызмет

Велосипед, авиациялық үйірмелер.

Қызметтің арнаулы түрлері

Жалпы лагерьдегі қызмет түрлері: регата, цирк немесе карнавал, олимпиада, маскарад. Ойындарды ұйымдастыруға, костюмдерді дайындауға балалар мен лагерь қызметшілері жалпылама қатысады. Кей жағдайларда ата-аналар қатыстырылып, іс-шаралар ұйымдастырылады.

Әлеуметтік демалыс

Бұл қызметтің түрлері жалпы лагерь банкеттерінде немесе кештерінде тыныштықта ойналатын ойындардан бастап таңдау жасалады. Кештерде немесе лагерь алауында жұмбақ жасыру сынды тиісті ойындарға мән беріледі. Көп лагерьлердің іс-шаралары болып жиі ән салу элементі қолданылады, ол түскі уақытта, алау басында немесе кешкі іс-шараларды өткізуде қолданылады.

Рухани - қызметтің бағдарланған түрлері

Барлық лагерьлерде қатысушылардың эмоциялық және әлеуметтік элементтерін, ақыл-ойы мен физикалық әсеріне өмірдің рухани мәні арқылы оның мінез-құлқын қалыптастыруда көмек беруді анықтау қарастырылуда. [1]

Балалар сауықтыру лагеріндегі тәлімгердің (ұйымдастырушы-педагог) құқығы мен міндеттері

Балаларды сауықтыру лагеріне демалуға келетін оқушыларды жайлы жағдайда жақсы демалатын мүмкіндіктер қарастырып, айрықша көңіл бөлетін тәлімгердің қызметі педагогикалық жүйенің бір бағыты болып табылады. Балалардың уақытша ұжымында тәлімгер жетекші және ұйымдастырушы балалар мен жасөспірімдердің өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ететін басты тұлға саналады. Балалардың жазғы маусымдық демалысын сәтті ұйымдастыру көбінесе лагерь ауысымындағы тәлімгердің білім деңгейі мен біліктілік шеберлігіне байланысты. [11]

Балалар лагеріндегі тәлімгерді ешқандай жоғарғы оқу орны педагогикалық кәсібилікке оқытпайды, бұл алдымен тәлімгер болуға ұмтылған немесе қызығушылық танытқан, сол адамның тәлімгерлік кәсіпке деген икемділігінің әуестігі болар. Балалар лагеріндегі тәлімгер - баланың әрекеттік үдерісіндегі көшбасшы. Тәлімгер еңбегінің табысты болуы шартты түрде оның жекелеген, жас ерекшелік белгілері, жұмыс тәжірибесі, тұлғалық болмысы, педагогикалық технологияны игеруі мен құндылықтарды меңгере білген бейімділігіне байланысты. Балалар лагеріндегі тәлімгердің тұлғалығы педагогикалық қызметінде таңдап алған әдістері мен тәсілдерінен айқын көрінуі қажет. Тәлімгер баламен арадағы қарым-қатынас арқылы жастардың мінез-құлқына әсер етіп, басқара білуді меңгереді. Тәлімгер әрбір баланың қатар құрбысындай сырласы немесе аға-әпкесіндей ақылшысы болу үшін жаңашылдықтың жаршысына айналғаны абзал. Балалар лагеріндегі тәлімгер – ол әртіс және спортшы, әдебиет пен тарихты зерделеуші, психолог һәм қиялшыл, қайырымдылығымен қоса сиқыршылығын көрсетуі қажет. Балалар лагеріндегі тәлімгер үнемі баланың алдында жүретін және әрдайым ұл-қыздардың жанынан табылатын адам.

Балалар лагеріндегі тәлімгер бәрін білетін және бәрі қолынан келетін, барлық жауапкершілікті иығымен көтеретін тәуекелшіл және өзіне нық сенімді жан ретінде бағаланады. Ол тіпті көп істі білмесе де, қолынан келмесе де, оны істеу үшін үйренуге міндетті. Және ол оған жылдам үйренуі керек. Тығырықтан шығатын басқа амал жоқ! Балалар лагеріндегі тәлімгер “менің қолымнан келмейді”, “мен мұны істей алмаймын” деген сөзді айтпауы керек. Себебі оқушылар үйлестіруші ұстаздарының қолынан келмейтін, ол істей алмайтын, ол білмейтін қандай да күрделі қиын шаруа жоқ деп ойлайтындықтан, шегіністі қадамдарды күтпейді. Тәлімгер өзінің отрядындағы балалардың әкесінің орнына әке, анасының орнына ана болады. Ал балаларда үнемі қандай да бір мәселелер бар: олар бір затын жоғалтып алады, біреуі ұрысып, төбелесіп қалады, енді бірінің үйіне қайтқысы келеді, келесі

бірі бір-біріне ғашық болып қалады. Ал сен тәлімгер болғаннан кейін, уақытпен санаспай міндетті түрде баланы тыныштандыруың керек. Олардың арасындағы дау мен кикілжіңдердің түйінін тарқатып, ешкімнің көңілі қалмайтындай әділ шешуге тиістісің.

Тәлімгер – ол кір жуушы. Бұл сөздерге күлуге болмайды. Қалай ойлайсың тоғыз жасар бала киімін үтіктеу үшін лагерьдің директорына емес, әрине тәлімгердің көмегіне жүгінеді.

Сондай-ақ, ол бала күтуші. Себебі баланы өз уақытында төсегіне жатқызып, оның ұйқысының тыныштығын қадағалайды. Топтағы бала басқа топқа ауысып кетпес үшін де тәлімгер баланың көңілін табуға тырысады. Баланы таңғы жаттығуға да аялап тұрғызатын да осы тәлімгер. Әзілқой оқушылардың көрші корпуста тұратын құрбыларының бет-аузына тіс пастасын жағып, есік-терезелерді бояп тастаған сотқарлығына шағымданатындар да мұңын тәлімгерге айтатыны анық.

Тәлімгер - ол есепші бухгалтер. Себебі ол балалардың қалтасындағы ақшасының тиімді жұмсалуды қадағалап, ысырап жасалмауына ақыл-кеңес береді. Және лагерьде демалушылардың құнды заттарының жоғалмауына жауапты.

Балалар лагерьіндегі тәлімгер – ол қоюшы режиссер. Кез-келген іс-шараға қатысатын отрядтағы команда құрамының табысты өнері әрине тәлімгер еңбегінің нәтижесі. Балалар өте қу. Егер топ ішінде белсенді және талантты бала болмаса, оларды үнемі сахнада өнер көрсетуге көндіре салу мүмкін емес. Балаға биді ойлап тауып, қою керек. Және билейтін балаға сәйкес келетін киімді дайындап, шашын сәндейтін де тәлімгер. Бұл жерде тәлімгер бар қиялын (күтпеген әрекетімен) байланыстырады. Лагерьдегі тәлімгердің қызметі кәсіптік міндет емес, бәрінен де бұрын қуанышты көңіл күй сыйлайтын жүрек жылуы. Балалық шақтан кеткісі келмеген адам ғана тәлімгерлігімен танылады. Қиын да қызық әрі күрделі қызметтің иесі ұйқысы қанбағанына қарамастан және шаршағанын білдірмей әрбір балаға мейірімі мен шуағын төксе еңбегінің ақталары анық.

Шындығына келсек, бала үйіне кетіп бара жатқанда бауыр басқан ұстазымен қоштасқысы келмей көз жасы көл болып, үйіне оралған соң қоңырау шалып немесе хат арқылы алдағы уақытта тағы да осы лагерьде демалуға келсе, жанында жүруін өтінетін құрмет пен алғыс иесі әрине тәжірибелі тәлімгер.

Көбіміз белгілі бір пән бойынша дәріс оқитын мектеп педагогы мен демалыс лагерьінде жұмыс жасайтын тәлімгерді қатар теңестіреді. Бұл дұрыс емес. Яғни қарама-қайшы қате пікір. Лагерьдегі тәлімгер – бұл педагог пен топтың арасын байланыстырушы. Тәлімгердің алдында баланың бойындағы қорқыныш болмауы керек. Олардың арасында бір-біріне деген сенімді қарым-қатынас орнауы қажет. Лагерьдегі тәлімгер

ата-анасының орнына аялы алақанымен әр баланың маңдайынан сипағанымен, педагог ұстаз бола алмайды. [12]

Бала өзінің тәлімгерімен кез-келген уақытта өзінің мәселесімен бөлісе алады. Оның тісі ауырса, үйіне барғысы келсе, төбелесе, ғашықтың күйін кешсе, сыры мен шынын тәлімгеріне айтатындықтан, бұл мәселелерді шешуде екі жақтың мүддесі ортақ. Тіпті елеусіз көрінетін қарапайым мәселенің өзі тәлімгер үшін салмақты сұрақ ретінде тәлімгерді тығырыққа тіреуі мүмкін. Сондықтан әрбір тәлімгерден психолог маман болуды күнделікті жұмыс жағдайы талап етеді.

Лагерьдегі тәлімгер – ол шығармашылық тұлға, жақсы ұйымдастырушы. Ол күн сайын тың ойларын ортаға салып, балаларды еліктіріп әкететіндей жаңалығымен бөлісуі тиіс. Оған қоса балалар тәлімгер ойлап тапқан қызықты іс-шараға бала ерікті түрде араласқаны жөн. Осы орайда әзілдеп айтқанда, тәлімгер үшін 4 қолы, 3 құлағы, 5 көзі болғаны дұрыс. Әрине, жалғыз тәлімгерге топтағы әр баланың немен шұғылданып жатқанын бір мезгілде бақылап, қадағалау мүмкін емес. Десе де кез-келген уақытта пайда болған кемшілік пен кінәраттың жауабы тәлімгерден қатаң сұралады.

Демалушылардың арасынан іріктелген арнайы топ пен лагерьдегі тәлімгер арасындағы қарым-қатынастың орнығуына орай балалардың көңіл күйі қалыптасып, жоспарлы істердің жүзеге асуына ықпал етеді. Лагерьдегі тәлімгер – балаларға демалыстың тәлімгердің жетекшілігінсіз қызғылықты болмайтындығын, тәлімгердің мәртебелі міндетін басқа мамандық иесінің атқара алмайтындығын дәлелдеуі тиіс. Яғни балалардың демалыс лагеріндегі тәлімгерлік жұмыс – белгілі кәсіп иесі емес, ол өзіндік ерекшелігі бар және өмір бойы сақталып қалатын бейімділіктің бүтін бір болмыс бітімі.

Балаларды сауықтыру лагеріндегі тәлімгердің кәсіби құзыреттілік моделі

Заманауи топтың тәлімгері жаңашыл біліммен **қарулануы керек:**

- саяси-қоғамдық біліммен;
- балалардың уақытша ұжымындағы балалар мен жасөспірімдер туралы;
- тәрбие берудің негізіндегі жалпы біліммен;
- (педагогикалық жұмысқа қатысты әдістемелік және теориялық саладағы кәсіп туралы) арнайы біліммен;
- терең білім алудың жалпы деңгейдегі біліммен.

Заманауи тәлімгер мынандай **қабілеттерді меңгеруі керек:**

- ұйымдастырушылық қабілеті;
- әкімшілік қабілеті;

- педагогикалық (балалармен жұмыс істеуге, жұмысты ұйымдастыруға қабілеті айқындалған) қабілеті.

Заманауи тәлімгер **көшбасшы-тәлімгерліктің сапасын** меңгеруі керек:

- қоғамға пайдалы бағыттылық;
- моральдық көзқарас;
- шығармашылыққа бейімділік;
- өзін-өзі меңгере алу;
- тіл табысқыштық;
- келешекке сеніммен қарай алатын.

Заманауи тәлімгердің **тәжірибесі, денсаулығы жақсы** болуы керек:

Білуі керек:

(жұмыстың түрлері мен әдістерінің мақсаттары, міндеттері, заң қызметтерінің белгіленген тәртібі) қатысушылар қызметтің үдерісіндегі стратегиясы мен тактикасын;

Балалардың өзін-өзі басқаруына байланысты (балалардың жекелеген ерекшелігін, қызметтің ұстанымын, ұйымдастыру құрылымын)

Топ тәлімгерінің кәсіби құралдары:

- еңбек құралы, еңбектің мақсаты, кәсіби міндеттер, бағыттар бойынша жұмыстың мазмұны, еңбектің нәтижесі, істің орындалу негізі, лауазымдық міндеттері, құқығы мен міндеттері;

ойлауы:

қисынды, стратегиялық, кәсіби, бір ізді;

Сақтау керек:

заңдар мен дәстүрлер (адамдарға деген қайырымды қарым-қатынас дәстүрі, кешкі «шырақ» кеші дәстүрі, тәлімгерлер тобы дәстүрі, оң қолды көтеру заңы, жасылды қорғау заңы, аймақ заңы).

Мынандай болуы керек:

жан-жақты хабардарлық, адалдық, нысаналық, шешім қабылдаушылығы, жоғары адамгершілік, бәсекелестікке қабілеттілік.

Жұмыс жасай алуы керек:

балалармен және олардың бірлестігімен, келешектегі жұмыс жоспарын көріп және анықтап дамыту, (топтың болжамды жоспарын) анықтау, (күнделікті жұмысты, топтың ісін талдау, өзін-өзі басқару құрылымының жұмысын) талдау жасау, балалармен тіл табысу және қарым-қатынасты ұйымдастыру, оқушыларды белгілі бір мақсатқа жету жолындағы сенімділікке көзін жеткізу және соңынан ерту, ымырашылдықпен шешім қабылдау.

Тәлімгердің әдеп негіздері

Тәлімгердің әдебі – бұл өзінің үлгісімен балалардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіретін, педагогикалық фактор ретінде өзінің бойындағы тәлімгер тұлғасын қалыптастыратын әдіс-тәсілі болып табылады.

Педагогикалық әдеп ерекше теориядан арнайы құрылған көптеген сұрақтарды, заңдылықтарды, принциптерді қамтитын көп мағыналы мәселелердің жиынтығы.

Тәлімгердің ерекше кодексін құрастыру, тәлімгер баламен, әріптестерімен және ата-аналармен қарым-қатынас құруда әртүрлі нұсқаудағы ескерулерді, ережелерді анықтауы педагогикалық әдептің тұғыры болып табылады.

Барлық адамдардың көзінше тәлімгер тұлғасының пайда болуы, жағдаяттарды шешетін күнделікті өмірмен құрамдас болып кетеді.

Мәдениеттің жалпы ережесін ұстанудан, балалармен тіл табыса білуден, тәрбиешілермен, тәлімгерлермен, лагерьдің әкімшілігімен тұрмыстық қарым-қатынас құрудан, жеке қызығушылығы мен адамдарға бауыр басуынан, жеке басының, үйінің, тұрмыстық еңбектің, тамақтанудың гигиенасын сақтаудан, киім-үлгісі мұның барлығы тәлімгердің әдебін құрастырады. Балалар ересектердің келіспеушіліктерін және тұрмыстық қойылымдарды көрмеулері керек. [10]

Лауазым бойынша ересектермен қарым-қатынас құру әдебі. Тәлімгерлердің ойы: егер де лагерьдің бастығы немесе аға тәлімгері мәдениеттіліктен төмен болса не істеу керек? Осындай сұрақтар да кейде қарапайым қызметкерлерді жиі мазалайтындығы даусыз. Жалпы барлығы түсінікті: басқа адамдармен қарым-қатынасты орнатқандай лауазымы жоғары ересектермен де – сыпайы, құрметпен, бастықтың заң аясындағы талаптарын орындауын қарамағындағыларды кемсіту ретінде түсінбеуі керек. Сонымен бірге өзін жоғары ұстау әр адамға берілген қадірлі қасиет. Қызметтегі адамдарға деген қарым-қатынас өзінен жоғары тұрғандарға ұқсағысы келетіндердің еліктегіш әсері секілді.

Өзінен жоғары лауазымдағылардың талаптарын орындамау әдепке жатпайды. Басшылардың адамгершілігі және іскерлік сапасы төмен болса, ұжым жетекшісін тағайындаған жоғарғы жаққа лауазымын төмендету немесе тәртіптік шаралар қолдану жөнінде шағым жазылғаны жөн. Бұл бағыттағы әңгіме адамның намысына тиіп, ар-ожданына тіл тигізу мақсатында емес, керісінше нақты дәлелдерге негізделген әділ сын түрінде өрбуі керек. Балалардың немесе әр жастағы білім алушылардың көзінше тәлімгердің, тәрбиешінің, практиканттың, директордың, бастықтың әр түрлі формадағы сыны айтылмауы қажет. Жағдайларға байланысты педагогикалық ұжымның

ортасында талқыға салу түрінде немесе жеке оңашада отырып жеке сөйлесу – қызмет барысындағы кемшілік пен қателіктерге орынды сын айтылатындығын қаперден шығармаған дұрыс.

Тәлімгер, қарым-қатынасты құра біл!

Лагерьдегі балалармен қарым-қатынас тәрбиелік және дамытушылық болуы керек. Тәлімгер балалармен қалай сөйлесуі керек? Бұл сұрақтың жауабы ретінде тәлімгер балалармен әрдайым ортақ тіл табыса білу керектігін тағы да қайталап айтудың артықтығы жоқ. Балалармен қарым-қатынас құруға қажет педагогикалық қасиеттерді санамаласақ:

- баланың көзімен қарау, оны дұрыс түсіну;
- баланың бойынан тұлғалық тепе-теңдікті көре алу;
- тәлімгерлердің тарапынан айтылған сынды дұрыс қабылдау, өзіне сын көзбен қарауға үйрену;
- әрдайым тек шындықты айту, ешкімді алдамау, қулық жасамау;
- әзілді меңгеру;
- сөзбен жұмыс жүгізудің маңыздылығы.

Әр түрлі жастағы балалармен қарым-қатынас құрғанда педагогикалық тактінің сақталуын, оның жасөспірімге қаншалықты әсер ететінін қадағалап отырған жөн. Педагогикалық әсершіліктегі айқай мен дауыс көтерудің орнына мимика мен қол саусақтарын пайдалану арқылы балаларды тәртіпке шақыра білу қажет. Сөз мәдениетіне ерекше көңіл бөлген жөн. Балаға мәнерлі сөздің қаншалықты әсер ететінін білеміз.

Баламен алғашқы кездесуден бастап өзіңізді даусыз қарым-қатынасқа психологиялық тұрғыдан дайындаңыз. Кез-келген жағдайға талдау жасау, мәселеге баланың көзімен қарау, ұл-қыздардың қуанышы мен ренішіне ортақтас бола білу тәлімгердің бойындағы жеке қасиеті мен қабілетін көрсетеді. [10]

Тәжірибе жинауға жаңадан келген практикант маман алғашқы жұмысын жалпының көзінше бір баланың жеке басына қатаң ескертулер жасап, тыйым салудан немесе шәкірттердің әрекеттерін талқылаудан бастауға болмайды. Қолайсыз жүріс-тұрысын өзгеріссіз қалдырып, сыннан қорытынды шығармаған баламен жеке сөйлесу барысында теріс қылығын байыппен түсіндіріп, кез-келген қарсылықты әрекетіне сабырлық танытқан абзал. Баланың бойындағы өзгерістерді міндетті түрде байқап, ойын бірге бөлісуіне қолдау мен көмек көрсетілуі керек. Үлкен ұжымның арасында жеке басын ұқыпты ұстамайтын, дөрекі сөйлейтін, іштей түңілген, ұялшақ балалармен жұмыс жүргізу барысында да осындай тәсілді қолдануға болады. Тәлімгер топтағы балалардың арасында еркелік жасап,

шолжандайтындардың тұла бойынан жамандық іздемей жаңадан қалыптасып келе жатқан жас тұлға екендігін ескеру арқылы қамқорлық жасап, оны қолдау қажет.

Балалармен қарым-қатынас барысында штамп-моделінен аулақ болыңыз.

1) “Монблан болма” - балалармен қағаз түрінде, биік шыңнан көрініп араласпа;

2) “Қытай қабырғасы” - секілді балалар мен ересектердің мәселелерінен өзінді аулақ ұстама, көкірек керіп, немқұрайлық таңытпа;

3) “Ұзынқұлақ” болма. Бұл - тәлімгердің тек қана белгіленген топпен араласуы арқылы қалған оқушыларды байқамауға әкеп соғатын бұлыңғыр бағыт. Әр баланың құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасы қаншалықты маңызды болса, ересектермен де жақсы байланыс жасауға ұмтылады;

4) “Гамлет” моделіне қызықпа. Бұл – тараптар арасындағы қарым-қатынаста жіберіп алған олқылықтары үшін жеке басын кінәлайтын, қиын жағдайларда бір шешімге келуге қаймығатан тәлімгерлердің соқпағы;

5. “Досыңыздың” моделімен шұғылдансаңыз балалармен ойнайтын қарым-қатынастар жүйесі қалыптасады. Балалармен байланыс жасауда дербес тәсілді тауып, жаңашылдықпен жетілдіріңіз.

Сонымен бірге әрбір педагогикалық қарым-қатынастың сатылық 4 кезеңін барын естен шығармаңыз:

1 кезең. Педагогикалық қарым-қатынасты модельдеу. Бұл кезең баламен тіл табысуды көздейді. Әрбір кездесуде қарым-қатынастың түрлі жолдарын ойластырған жөн. Тәлімгер осы орайда қарым-қатынастың психологиялық аспектілерін ойластыруы қажет:

- кімге қалай айту керек;
- кімнен кеңес алу керек;
- кімге күлімдеп, жылы сөздермен жүрегіне жол табу керек.

2 кезең. Балалармен ұдайы тең қарым-қатынаста болу керек. Мұндайда баланың көңілін жаулап алуды меңгеру қажет. Мұны коммуникативті шабуыл дейді. Осы кезеңде тәлімгер өзінің бойындағы жақсы қасиеттерін танытып, балалардың көңілін тез баурап алуы керек. Бастапқы кезде балаларды қызықтыратын, батыл бастамаларын жандандыратын талап-тілектерді жеткізген жөн.

3 кезең. Қарым-қатынасты басқару. Қарым-қатынас үрдісіндегі балалардың кері әсерін үнемі қадағалап отырған абзал. Педагогикалық қарым-қатынасты басқару кезінде вербалды және вербалды емес тәсілдерді жетілдіру, мимиканы белсенді қолданып, көзбен қарым-қатынас құру, қол саусақтарын қолдана білу өте маңызды болып табылады.

4 кезең. Құрылған қарым-қатынасты талдау. Бұл кезең балалармен жаңа модельді құру кезінде ауадай қажет. Ол алдыңғы қарым-қатынастың нәтижелерін ескереді.

Жоғарыда айтылған қарым-қатынастың түрлері балалармен педагогикалық қарым-қатынасты құру түрлері мен формасы лагерьдің барлық ауысымдарында қолданысқа енгізу өте маңызды болып табылады.

Көптеген тәлімгерлер өздеріне арналған дәрежеліктерді, лайықты құрметті көрмесе сасқалақтап қалады. Осы кезде не істеу керек? Тәрбиеленушінің тарапынан тәлімгердің тұлғасына көлеңке түсірілсе немесе дәрежелік көрсетілсе қарымта жауап ретінде өрескел қадам жасау *педагогикалық тұрғыдан қате* қадам болып саналады. Ең алдымен бұл жағдайдың шығу себебін нақты анықтап алған дұрыс. Яғни, балалық шақтағы мазақтылықтың кесірінен тұйық мінезге тап болғаны мен ата-ананың шектеулеріне қоса мектеп мұғалімдерінің қысымы баланың бойына жағымсыз әсерлерді ұялатқандықтан, қалыптасуындағы кейбір кемшіліктерге төзімділікпен қараған дұрыс болады. [9]

Егер баланың дәрежелік ісі күн тәртібін қатаң бұзу, қарамағындағылардың тыныштығын кетіру, “философиялық негіздерді” (*топтық жұмыстың шырқын бұзу, достарының айтқаның іске асыру арқылы өзін көрсету сынды қылықтар*) бойына сіңіре бастаған болса бұл басқа мәселе.

Жаман әдеттерден қатаң тәртіп бұзушылықтың ара жігін ажырата білуіміз керек. Осындай жағдайларда тәлімгер бір немесе топтағы тәрбиеленушілердің әдепсіз әрекеттерін, дәрежелікке ұрынған баланың қауіпсіздігі алаңдатап, ар-намысы тапталған жағдайда нақты шешімдерді басшылардың ақыл-кеңесіне жүгіну арқылы қабылдауына болады.

Психотехника ұсынған келесі кеңестер әсерлі педагогикалық қарым-қатынасқа көмектеседі:

- **әңгімелесушімен кездескен сайын сақ болыңыз;**
- **әңгіме барысында өзіңіздің бақылауыңызды, коммуникативті есті жетілдіріңіз;**
- **экспрессивті қарым-қатынаста сөйлесушінің қатынасына (*мимикасына, қол саусақтарына, пантомимикасына*) талдау жасауды үйреніңіз);**
- **адамның сыртқы жүріс-тұрысына байланысты психологиялық белгіні орынды қойып, дұрыс қабылдай біліңіз;**
- **қарым-қатынастың соңына дейін жақсы дауыс ырғағын сақтай біліңіз.**

Әріптестермен қарым-қатынас орнату

Тәлімгер әріптестермен қарым-қатынасты орнатқанда педагогикалық әдепті сақтамағандықтан олқылықтардың пайда болуы мүмкіндігін есте ұстағаны абзал. Сөйлесу барысында дауыс ырғағына көңіл бөліңіз, тартыс мәдениетін есте ұстаңыз. Түсінбеушілік ушығатын болса, одан шығуды ойластырыңыз. Ол үшін:

- өзінді ғана тыңдай бермей, ұрыстағы қатысушыны да тыңдай біл;

- сіздерді алшақтататын жағдайлардың мәнісін ашып алыңыздар;

- жалпы көзқарасты орнықтырыңыз;

- қасындағы адамның жағдайын түсіну үшін ұрыстың мазмұнына тағы да талдау жасап көріңіз;

- ортақ мәлімеге келіңіздер.

Жұмыстағы серіктеспен түсіністіктегі қарым-қатынас орнату аса маңызды. Кәсіби тәлімгердің жұмыс жүргізуі кезінде жақсы серіктестен артық адам жоқ. Сондықтан ортақ істің жемісті нәтижесіне үлкен үміт артқан жөн. Серіктестің бастамаларды қолдап, әрі қарай өрбітетіндігіне нық сенім артылмаса, ойдағы орындалмайды. Егер ол жұмысына жауаптылықпен қарап, жетістік сыйласа, тәлімгердің де жақсылықтары үшін қарымта қайтаратын кезі келеді. Демек, ортақ мақсатта күш біріктіретін екі қызметкердің бұрыннан бір-бірін танитындығы немесе кездейсоқ кездесуі бұл бағытта маңызды емес. Ең қажеті - адал достық пен кәсіби біліктілік.

Ортақ мәлімеге келу үшін сіздердің жұмыс жасайтын топтарыңыздың бағындыратын биігі мен абыройлы асуын бірге ойластырғандарыңыз жөн. Бұл мәселені ауысым басталмай жатып шешіп алған дұрыс. Себебі, ауысымның ортасында ойласатын уақытта болмайды және тәрбиеленушілер осы олқылықтарды байқап қалуы мүмкін. Келіспеушілік күрделене түссе, оқушылардың арасындағы бірлікке сызат түсіп, топты екі бөлікке ыдыратып жіберуі мүмкін. Педагогтардың арасындағы тартыс жағдай барлық жұмысты жоққа шығаратындығын ұмытпау қажет.

Педагогикалық жұмыстарды арттыру үшін негізгі міндеттерді бөлісіп алған абзал. Бүгін сіз ұйқыдан ояту мен таңғы жаттығуларға жауаптысыз. Ал ертеңгі кезек серіктесіңіздікі. Бұл – екеуінің біреуі таңғы жаттығуға қатыспайды дейтін ұғыммен түсіндірілмейді. Олай болса, педагогикалық жұмыс әлсіреп, жауаптылық төмендеп кетеді. Міндеттілік көмек берудегі ұйымдастырушылық пен өткізудегі “жүргізуші мен жауаптының” ара-жігіне байланысты айтылып отыр.

Тәрбиеленушінің ата-аналарымен қарым-қатынас құрудағы этикалық ережелерді сақтауы

Ата-аналарға баласының іс-әрекеті туралы шағым айтуға, оларды кінәлауға болмайды. Егер ата-ана дәрекілік танытпай, қарапайым сөзбен ескерту жасаса әдеппен тыңдау қажет.

Баланың қате қадамдары туралы түсіндіріп, қарсылықты пікірін дұрыс қабылдау қажет. Келісетін тұстарыңызды айтып, ақыл-кеңесі үшін алғыс білдірудің артықтығы жоқ. Сөз соңында баланы үнемі бақылауда ұстайтындығыңызды қайталап, тілектестік білдірген жөн. Егер ескертулер дәрекіліктен басталса, олармен әрі қарай әңгімелеспестен бұрын лагерьдің басшылығына жүгіну керек және балаларының көзінше ата-аналарымен әңгімелесуге болмайды. Ата-аналардың абыройына бос ескерту жасап, кекете сөйлеп, оларды төмендетуге болмайды. Балалардың үйдегі қызығушылықтарын әрдайым қорғау қажет.

Баланың ата-аналарымен қандай жағдаяттарға түссеңіз де, тәлімгер ретінде тәрбиеленушілерге қайырымдылық танытыңыз – **бұл педагогикалық парыз.**

Ең алғашқы көңіл-күйді қалай танытуға болады!

Тәлімгердің жасы он сегіз немесе отыз сегіз болсын бұл оқушылар арасында аса маңызды емес. Себебі, ол әрдайым өзін эстетикалық үйлесімі жарасқан, әдемі кейіпті сақтауы керек. Тәлімгер балалармен тәулігіне сағат бойы жұмыс жасаумен қатар, оларды өзінің шаш үлгісімен, бояуымен, жүріс-тұрысымен, мимикасымен, дауыс ырғағымен, киім үлгісімен тәрбиелейтінін естен шығармағаны абзал.

Балалармен ең алғашқы рет кездескенде олардың жүрегіне жылулық сезімін ұялатып, жақсы пікір қалдыруыңыз қажет. Қоршаған адамдардың тәлімгермен кездесіп, әңгімелескеннен кейін жағымды әсер қалыптастыру бағытында естен шықпауы тиіс бес негізгі компонент бар.

- 1. Сіздің сыртқы келбетіңіз.**
- 2. Түр әлпетіңіз.**
- 3. Сіздің иісіңіз.**
- 4. Сіздің дауысыңыздың тембры.**
- 5. Сіздің жесттерді қолдана білуіңіз.**

Егер сіз айтылған компоненттермен мақсатты түрде жұмыс жасап көрсеңіз, онда “ең алғашқы ойдың” қалыптасуы мүмкін.

Тәлімгер ең алдымен балаға өзінің сыртқы келбетімен әсер ететінін естен шығармағаны дұрыс. Балалар көрікті тәлімгерді жақсы көреді.

Бірінші күні тым қара, тым ашық түстерді кимеңіз. Балаларды спорттық іш-киіммен, ауыздағы темекімен, кір майкамен немесе үтіктелінбеген жейдемен, ашық аяқ киіммен қарсы алмаған дұрыс.

Тәлімгердің киімі педагогикалық талаптармен үндес болғаны шарт. Таңертеңгісін және жиындарға – бір үлгі, туристік жорықтарға – басқа, жұмысқа тіптен бөлек киімдердің болғаны қажет. Яғни, спорт алаңдарына юбкамен, салтанатты жиындарда спорттық шалбармен қатысуға тыйым салынады. Егер тәлімгер жағалауда суға шомылуға арналған іш-киіммен жүрсе жарасымды шығар, бірақ лагерьдің аумағында бұл киім үлгісі ерсі көрінері хақ.

Тәлімгердің таза киім үлгісінен басқа да оның қимылы мен жинақылығы, табиғи қалпына қоса қайырымдылығы, күлімсіреген жарқын жүзіне балалар баса назар аударып, негізгі бейнесін анықтайды. Балалармен алғашқы кездесуде және әрі қарай жұмыс барысында көңіл-күйдің жоқтығын көрсетуге болмайды. Әріптестер мен балалармен қарым-қатынас кезінде қажетті күлкіні табуға тырысыңыз, өйткені жарқын жүру барлығымызға жарасымды.

Тәлімгердің қобдишасында міндетті түрде жазу дәптері, автоқалам, қарындаш болуы керек.

Тәлімгердің жұмыс барысында **дауыс ырғағы, дикциясы өте маңызды.** Тәлімгердің тітіркеніп сөйлеуі, балаларға дауыс көтеруі оларды кемісітіп сөйлегендей қабылданады. Тәрбиеленушілер өздерін қорғау үшін тәлімгердің сөздерін тікелей қабылдамауы мүмкін. Балаларды айқаймен немесе қорқытып ұстаған тәлімгер сол кезден бастап жастардың ұғымы бойынша тәрбиеші саналмайды. Керісінше, тәлімгер мен тәрбиеленушінің арасында түсініспеушілік орын алады. Үрей мен мәжбүрлі шектеулер тәрбие беру үдерісін тоқтатады немесе психологиялық жағдайды күрделендіруі мүмкін. Тәрбиеленушілермен қарым-қатынаста тәлімгердің көрсететін адамгершілігі мен мәдениеті және дауысына қоса дикциясы этикалық талаптарға сәйкес болуы керек. [8]

Тәлімгер өзінің тәрбиеленушілері жайлы нені білуі керек Балалар лагерінде балалардың тұлғалық болмысына арналған диагностика

Баланың тұлғалық болмысын басқа қырынан тануда тәлімгер тәрбиеленушілердің алдағы уақыттағы дамуын болжай білуі қажет. Баланың қабілеті мен қарым-қатынас құндылығын, мотивін, қызығушылығын тұрақтандырып, адамгершілік сапасын жақсартуға ынталандырғаны дұрыс. Ал кейбір келеңсіз жақтарын шеттетуге міндетті.

Балалар лагеріндегі жағдайда баланы қалай оқып білуге болады? Осыған байланысты лагерьдегі балалардың (*үйінен алыстағанда, жақын адамдары, достары жанында болмағанда, өзіне таныс емес жағдайда және т.б.*) ерекшелігін байқауға қажетті қағидаларды қарастырамыз:

1. Алғашқы айыру белгісі (*ата-аналарының айтқан ақпараттық көзі немесе олардың орнын ауыстыратын адамдар*) тәлімгердің дайындаған кезеңі бойынша жүргізіледі. Тәлімгер баламен сырттай таныстық кезінде және алғашқы кездесуде ашық үлгіде берілген сауалнаманы әдетте ата-аналары толтырады.

2. Дәрігерлік ақпараттан баланың ата-анасы ұсынған медициналық құжаттан баланың денсаулығына байланысты мәліметтерді ала алады.

3. Балаларды алғашқы сауалнамадан өткізу (балалар лагерьге келген күні жүргізіледі).

Сауалнамаға мынандай сұрақтарды енгізуге болады. Баланың тегі, аты, жасы, туған күні, айы, жылы. Лагерьдегі демалыстан қандай жаңалық пен жақсылықтар күтеді. Бос уақытында шұғылданатын сүйікті ісі (*оқу, сурет салу, музыка, ән салу, спорт, ермек сазбен жұмыс істеу және т.б.*). Тынығу орнына бірінші немесе екінші келуі. Алға қойған мақсаты қандай және асқақ арманы.

4. Алғыр көшбасшылардың ықпалы. Баланың қарым-қатынас пен қабілетін қоса басқара білу дарынын анықтау үшін «төрт бұрыш ромбты құрастыру» деп аталатын ойынға барлық балаларды бірдей жұмылдырған жөн. Қолдарына ұстаған шеңбер, ромб, тік төрт бұрыш пішіндегі ойын құралын құрастырушы балалардың әрекетіне сырттай бақылау жасаған тәлімгер кімде қандай қасиеттердің барын байқайды. Топтағы балалардың арасынан алғыр оқушыны таңдағаннан кейін бейімделу сынағында енжарлық танытқандарға көңіл бөлінеді. Тәлімгер қалған балалардың талпынысына жәрдем жасап, алғыр әрі көшбасшы балалардың да құрбы достарына қарайласуы үшін нақты шаралар ұйымдастырғаны ұтымды.

5. Балалардың мінез-құлқын бақылау Тәлімгер лагерьдегі баланың үйінен алыста жүргенін түсініп, тәрбиеленушіні үнемі

сыртынан бақылауы керек. Оның мінез-құлқы өзгеріп, көңіл-күйі ауысқанын қалт жібермегені жөн. Тәбетінің ашылуы немесе тамаққа зауқы жоқтығы және ұжымдағы қарым-қатынасы мен денсаулығы басты назарда тұруы тиіс.

6. **Баланың дамуын оқып білу**, тәлімгер түрлі педагогикалық әдістер арқылы ертегілер, ойындар, аяқталмаған сөлемдер, түсті күлтелер жасағаны дұрыс. Болған жағдайды баланың сүйреттеуі; өзіне ұнайтын кейіпкерін сомдау, яғни рөлдік, оның суреттеген заты, оның құндылықты талдауына мүмкіндік беру, ойын дамыта жеткізуі, елестетуі, сөйлеуі. Тақырыпқа байланысты сурет салу “Мен”, “Мен және менің достарым”, “Бәрінен бұрын мен нені жақсы көремін”, “Менің жанұям” және басқалар, иллюстрациялық суреттері бар ертегілер тәлімгер баланың көңіл-күйі жайында әңгімелеп беру, оның өзін-өзі тануын дамыту дәрежесінің деңгейі.

“Табиғат тынысында жоқ жан-жануар” тестік жұмыстан баланың эмоционалдық жағдайы туралы ақпараттарды алуға болады. [1]

Баланың жеткіншектік жасында сауалнама әдістерінің маңызын білу өте маңызды, тесттер, дискуссиялар баланың өзін-өзі ашылуының бірден бір көмекшілері, өзінің мінез құлқын, өзінің мүмкіндігін тану - психологиялық үдерістің ерекшеліктері. Жеткіншектің өзін-өзі бағалауын, қызығушылықпен, қызметтік мотивін айқындау, мақатына аяқталмаған сөйлем әдістемесін қолданған тиімді, мына үлгідегі сұрақтарды енгізуге болады:

- егер мен топтың жетекшісі болсам, онда мен
- лагерьде қызық болу үшін, мыналар
- егер де менболсам, онда

7. **Баланың көңіл-күйін оқып білу** күн өткеннен кейін анықтауға болады. Сауықтыру лагерінің жұмыс уақытында түсті күлтелердің көмегімен (*түстердің көмегімен баланың көңіл-күйін айқындауға болады*) осы әрекет арқылы топтағы барлық балалардың эмоционалдық жағдайын бейнелейтін және балалардың жағдайының динамикасын бейнелейтін картинаны көруге болады.

Барлығына таныс мәтіндерді қолдана отырып көңіл-күй айнасы деген Макс Люшердің экрандық тест ойынын ұсынуға болады:

қызыл түс (красный) – қуанышты, сүйсінушілік көңіл-күй;
қызылт сары түс (оранжевый) – шаттықты көңіл-күй;
сары түс (желтый) – бір қалыпты;
жасыл түс (зеленый) – байсалды, салмақты;
көк түс (синий) – мұңлы, қайғылану;
күлгін көк (фиолетовый) – үрейлі, мазасыз;
қара түс (черный) – мұң басқан, жабырқаңқы.

Түсті күлтелер – ойлануға, қимыл-әрекетті ұғынуға жақсы көмек беретін материалдар. Баланың өте ұзақ уақыт қызыл түсте, яғни

қуынышты, сүйсінушілік көңіл-күйде ұзақ болуы баланың шиеленісті арандатуына және көңіл-күйінің бұзылуына, эмоционалдық олқылыққа әкеп соғуы мүмкін және қозғыштық, еліргіштікке әкеліп соғуын тіпті көз жасын төгу, жылаумен аяқталауы мүмкін.

Бала бұл әрекетте көк – күлгін көк – қара «түстерді» көбірек таңдап көрсетсе, осы түстер экранда көп орын алса, онда тәлімгердің жұмысында өзекті мәселенің пайда болғаны және балаларға өте шұғыл жағдайда көмек керек екені анықталады.

Диагностика – бұл тұлғаның қабілетін меңгеруді бағалау ғана емес, сонымен қатар педагог пен баланың бір мақсатқа бағытталған келесі бір мақсат бағытының қозғалысы болып саналады.

Балалардың жас шамаларының ерекшеліктері

Тәлімгердің өз қызметіне табысты қол жеткізу үшін ол балалар мен жасөспірімдерге тек жетекші ғана емес, сонымен бірге тәлімгер олардың ақылшы жолдасы, жақын досы, бәрі оның сөзін тыңдайтындай, көңіл-күйін сезінетіндей, баланың еркелігін, қателігін түсінетін, кешіретін, шиеленісті бейбіт түрде шеше алатын, іс-әрекетті бақылай алатын, балаларға саналы демалыс пен еркіндік бере алатын болуы керек. Ол үшін тәрбиеші балаларға құрметпен қарауы керек. Тәрбие беру қызметінің үдерісіне олардың мінез-құлқының ерекшелігіне орай құқығы мен міндетін орындауға ұмтылғаны жақсы.

Тәлімгер өзінің шешімін табысты шешу үшін өзінің біліктілігіне сеніп, кейбір заңдылықтарға сүйеніп, жадында сақталған дайын педагогикалық анықтамасы болуы керек.

Тәлімгер өзіне жүктелген міндетінен топты толыққанды сақтау жауакершілігін, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауға байланысты жауакершілікті алып тастай алмайды.

Тәрбие беру үдерісінің қызметінде балалар мен жасөспірімдердің жас ерекшелігін басқа да жас ерекшеліктеріне көмектесетін және олардың физикалық мінезін дамытуға олардың мінез-құлқының ерекшелігін білуі керек. [1]

Тәлімгердің жұмысында болжанатын қиындықтар

Тәлімгердің өзі тыйым сала алмайтын заттарға байланысты балалардың да бас тартуына ықпал ете алмайды. Маңызды жағдаяттардың шешімін табу үшін тыйым салғаннан гөрі басқа педагогикалық әдістерді іздеген дұрыс.

Бір қызметтің түрінен екінші бір қызметке ауыса кету, әсіресе ол жұмыстың түрі балаларға жақын болмаса (*мысалы, ұйқыға жатуға дайындық*) балалар үшін ауысу оңайға соқпайды.

Сол себепті жас мөлшеріне қарамастан ұйқыға жатар алдында шулы қозғалыс ойындарын ойнау ұсынылмайды. Әр түрлі қызметтің түрін жүргізуді ең алдымен жоспарлап алуды тәлімгер есінен шығармауы керек. [1]

Кіші жастағы балалардың дамуы (5-8 жас)

Физикалық бойы және дамуы	Ерекшеліктері
<ul style="list-style-type: none">• денесіне қарағанда аяқ-қолы тез дамиды• өз дене бітімін жақсы игере алады• 7 жасқа қарай көзінің, қолының координациясы жақсара түседі• жүрек қағысының дамуы басқа мүшелерге қарағанда артта қалады, ол тез шаршағыштыққа, бір қалыпты қозғалыстарынан шалдығуға алып келеді• тіреу аппараттарының төзімділігі үлкен емес• бұлшық еттері әлсіз, әсіресе аркасы, қарын бұлшық еттерін жоғарылататын тұстары, ол (<i>тарамыстың созылуы және т. б.</i>) ойын барысында жарақат алуға, келбеттің бұзылуына әкеледі	<ul style="list-style-type: none">• жоғарғы белсенділік деңгейі• ненің жақсы ненің жаман екенін ажыратуға деген құштарлық• мадақтау – ең мықты құрмет• өз бетімен тапсырмаларды орындауға уақытты алуға тырысу• мақсаттылықтың немесе сенімділіктің, агрессияның қалыптасуы• “дәнекерлік дағдарысы” - 7 жас• кімді жиі көрсе, соны дос деп есептейді• қызыққыш• ойлаудың тұрақтылығын ажырата біледі• қозғалғыштық• бір нәрсеге ұзақ уақыт көңілін ауытқыта алмайды• ересек досына жоғарғы баға беруі• үлкендердің талдауы, баға беруі балалардың талдауы мен баға беруіне айналады

Тәлімгерге кеңес

- секіру мен жүгіруді қысқартып, қозғалыс ойындарын ұйымдастырыңыз;
- алтыбақанды қолдана білуді және өрлеуді жетілдіріңіз;
- ән салу, драмалық қойылымдарды, ритмикалық қызметтің түрін қолданыңыз;
- дұрыс еңбектің дағдыларын оқытыңыз;
- балаларды нақты тапсырмалармен және оларды орындауда өзінің шығармашылығын қамтамасыз етіңіз;
- балаларға таңдау еркін беріңіз, қасиеттерін дамытыңыз (*балалар лагерінің өмір сүру ортасында адамгершілік ережелерін сақтау сынды басқа да қағидаттарды балалардың бойына сіңіру*).

Орта жастағы балалардың дамуы (9-11 жас)

Физикалық бойы және дамуы	Ерекшеліктері
<ul style="list-style-type: none"> • қыздардың бойы ұлдардікінен биік болып көрінеді • жыныс мүшелері жетіле бастайды (<i>алдымен қыздардікі, сосын ұлдардікі</i>) • жүрек қағысы жиілейді • бас ауыруы жиілеп кетеді • қаңқаның, аяқ-қолдың дамуы жылдам болады • жоғарғы қоздырғышпен баланың жүйке тозуы белсенді дами түседі 	<ul style="list-style-type: none"> • ұлдарда қыздарды бағындыруға деген талпыныстың пайда болуы • жігерлі, жылдам, табанды және бастамашыл • әрдайым қозғалысты талап етеді, жиі мазалайтын күйдің болуы • үлкен бұлшық етті белсендіруге ұмтылады, ұжымдық ойындарды сүйеді • шулы, айғайласады, тез ғашық болады • жеңілістен қорқады, айтылған міндерге сезімтал • қызығушылықтары үнемі өзгеріп отырады • үлкен адамдардың ақылына қарағанда, топтың ойы маңыздырақ • еркіндігі күшейеді • эмоциялары тез пайда болады • дауларға үлкен талпыныс • қарым-қатынасқа тез түседі, бірақ үлкендермен, құрдастарымен, ата-аналармен пікір таластырғыш • өзін белсенді тәжірибелік қызметке қолдануға ұмтылады • топтық жұмыстармен

	<p>шұғылданады</p> <ul style="list-style-type: none"> • берген тапсырмаларды тез орындайды, бірақ өздеріне түскен рөлдерге көңілі тола бермейді • анықталмаған тапсырмалармен, бөлініп кеткен әңгімелесулермен, алыс мақсаттар мен жетістіктермен айналыспайды • жеңілістер тез арада берілген іске деген қызығушылықты жояды
--	--

Тәлімгерге кеңес

- баларды мақта және мадақта;
- бұлшық еттерін белсендіретін қызмет түрлерін қолданыңыз;
- қызығушылықтары мен топтық-спорттық ойындарын ұйымдастырыңыз;
- ойдан шығатын басшылықты ұйымдастырып, балалардың қоршаған ортаға қызығушылықтарын оятыңыз;
- балалардың көптеген сұрақтарына әрдайым да жауап беруге тырысыңыз.

Жасөспірімдердің дамуы (12-14 жас)

<p>Физикалық бойы және дамуы</p> <ul style="list-style-type: none"> • қыздар ұлдардан ұзын • жыныс мүшелерінің жетілуі • денедегі бұлшық еттері толығымен түседі • бойы мен денесін тұлғаландыратын қаңқа сүйегі тез дамиды • тұрқы іріленіп көзге ерекшелене түседі • қыздардың тез бойжететіні сондай ұлдар олардан екі жыл кеш қалғандай көрінеді • жасөспірімдердің даму ерекшелігіне байланысты бірі тез екіншілері баяу өсетіндігі аңғарылады 	<p>Ерекшеліктері</p> <ul style="list-style-type: none"> • балалар ішкі күйзелісті сезеді • балалар мен қыздардың арасындағы ерекшеліктер, бір-бірін мазақтауға құмар • үлкендердің ойына қарағанда құрдастарының ойлары маңыздырақ • “топтың мәртебесі” үшін тәртіпті жиі бұзулары мүмкін • жарысқа деген ұмтылыс • өзінің қызығушылығын топтың ортақ мүддесіне бағындырады • айтылған мінге қарсылықты пікірін білдіре бастайды • ақша табуға деген қызығушылық оянады • өзінің мүмкіншіліктерін қолдануға және бағалауға деген
---	--

	<p>күштарлық пайда болады</p> <ul style="list-style-type: none"> • үлкендерден бөлектену • өз бетімен жұмысты бекітуге деген ұмтылыс • белсенділікке деген талпыныстың қатты білінуі • қызу қандылық, ашуы тез қайтпайды, кейбір жағдайларда жалғандылық танытпайды • өзінің көзқарасы және адамдармен қарым-қатынасқа түсуі, бағалауы, талап қоюы қалыптасады • өзін-өзі тануы, өзіне өзі баға беруі, құрдастарының және үлкендердің арасында өз орнын табу дамиды • үлкендерден естіген сөздерді көңіліне алмайды • қоршаған адамдардың сыңар жақ көзқарасына қарсы тұруға дайын • құрдастарына сөзін жүргізе алады
--	--

Тәлімгерге кеңес

- топтық ойындарын өткіз (*қыздар мен ұлдарға әр түрлі*);
- спорттық ойындарға көңіл бөл;
- нақты тапсырмаларды орындаудағы ынта жігерін пайдалану арқылы қарым-қатынас қабілетін көрсетуге мүмкіндіктер жаса. Жеке басындағы кейбір мәселелерге көңіл аударып, достары туралы әңгіме өткізу арқылы жастардың тұла бойында бар мінез-құлығын тану. Және түрлі сауалдардың әр алуан нұсқаларын ұсыну арқылы пайымды пікірін білуге болады.

Ересек жасөспірімдердің дамуы (14 -16 жас)

<p>Физикалық бойы және дамуы</p> <ul style="list-style-type: none"> • дене бітімі мен ішкі жан дүниесіндегі өзгерістер, есейгештіктің пайда болуы (<i>жігіттерде 15 жасқа жақындағанда, ал қыздарда он үш жас шамасында</i>) • қаңқаның өсуі тоқтатылады 	<p>Ерекшеліктері</p> <ul style="list-style-type: none"> • ересектердің өміріне бағдарлану • жеке жетістіктерін анықтау • ересектердің өмірінде жеке қалыптасу • ересектердің орнына өзін қоюға деген арман • күш пен қайрат, сәнді киімдерге
---	--

<ul style="list-style-type: none"> • балалардың арасында кімнің тез есейгенін, кімнің енді ғана есейіп келе жатқанын ажырата алады • әйел мен еркектің жүріс-тұрысын ажырата алады • әлеуметтік қойылымдардың қалыптасуы тоқтатылады 	<p>құмарлық және бойындағы батылдық — әлеуметтік ұстанымдағы байланыстары бекітеді</p> <ul style="list-style-type: none"> • қыздардың жігіттерде болатын ерекшеліктерге қызығуы жігіттердің бойжеткендерге көз салуынан бұрын басталады • сыртқы келбетіне сабырлықпен қарайды • алғашқы махаббат оянады • әлеуметтік белсенділік өсе түседі • жанұясына тәуелсіз жетістіктерге жету жолындағы ұмтылыс пайда болады • болашақ мамандығын таңдауға талпынады • “Мен бәрін білемін!” деген ұстанымдағы өзгерістер пайда болады • жасөспірімдер мен қыздардың арасында жыныстық қатынас пайда бола бастайды • үлкендердің кеңестеріне құлақ аспау • тәуелсіздік дағдарысы • жалпы жұмыс үшін және берілген тапсырмаларды орындаудағы жауапкершілігі пайда бола бастайды • басқа адамдардың жұмыстарына пайда әкелгіштік сезімін сыйлайды
---	---

Тәлімгерге кеңес

- жасөспірімдерге құрдастарының оны қатар құрбысындай тең дәрежеде қабылдауына көмек беріңіз;
- жасөспірімнің жүріс-тұрысын үлкендердің тарапынан қысым көрмейтіндей, ата-аналардың наразылығын тудыратындай оқыс жағдайларды жасамауына ақыл кеңес беріңіз;
- демалысқа қажетті мүмкіндіктер ұсына білген жөн;
- жігіттер үшін спорттық жарыстар ұйымдастырылса, қыздарға корпусстың ішінде ойнайтын белсенді ойындар қажет және достарымен кездесулерді ұйымдастырыңыз.

Балаларды сауықтыру лагерінде тәлімгерді тағы қандай мәселелер күтеді, оны демалушы жастар кетпестен бұрын қалай болжауға болады?

Кіші жастағы балалардың мәселелері

Болжанатын жағдаяттар	Шешім табатын нұсқаулар
Жанұясынан алыстағаны үшін қатты күйінеді	Көңілін басқаға аударту, қызықты жұмыстарға жұмылдыру
Тітіркеніштік қасиет, үйін сағынады	Бала жаңа ұжымда өзінің қажеттілігін сезіну үшін оған қандай да бір тапсырма беру
Көп сұрақтарды қояды	Мұқият тыңдап, оның түсінуіне қаншалықты керек болса, сонша рет сабырлықпен жауап беріңіз
Тез шаршап қалады	Жылдам жүгіру барысында мәреге шалдықпай жету үшін ұдайы еңбектің қажеттілігін көрсетіңіз
Ұйқыға әрең жатады. Түн ортасында су ішу үшін оянады. Төсек орнын жинай алмай киімдерін жан-жаққа лақтырып, қажет кезінде тез таба алмағандықтан жоғалтады.	Қатарластарының үлгісімен тәртіпке үйрету. Кешкі уақытта олардың сұранысына айрықша көңіл аудару қажет. Біреуі ән тыңдағысы келсе, басқаларына ертегіні тыңдату маңызды.
Өздеріне сенімсіздікпен қарайды	Денсаулығының физикалық ерекшелігін ескеру арқылы жүктеме беру
Құрғақ және баяу тамақтануға үйреніп қалған	Балаларды таң қалдыру үшін жанжал шықпайтындай шара қолдану керек. Дастархан мәзірін жеке үстелге әзірлеп, сұйық тамақты толықтай ішуін қадағалау
Бәрінің дәмін татуға дайын	Балаларға улы өсімдіктер мен жемістер туралы айту...
Сабақтарға қызығушылығы жоқ және назары тұрақсыз	Уақытынан аспайтын қызметтердің әртүрлілігін қолдану ұсынылады
Қараңғылықтан қорқады, көз-жасына ерік бергіш	Баланы бақылаусыз жалғыз қалдырмау қажет
Кіші жастағы балалармен бірге ойнауды ұнатады	Қамқорлығына қолдау көрсетіп, мадақтаған жөн.

Үлкендердің сөзжасамын, әдеттеріне қоса жүріс-тұрыстарын көшіреді	Жаман қылықтарға мән бермеуге тырысу
Білгі кешігіп жүреді	Уақытты есептейтін тапсырмаларды беруге болмайды
Ескерімпаздық	Соңы жамандықпен аяқталын ертегілерді айтпаңыз
Қатер төндіргіш, жарақат алуға бейімделгіш	Балалардың қызметіндегі көптеген тыйым салуды айналып өтіңіз. Олардың өмірін пайдасы мол ойындармен толықтырып, қажетті қауіпсіздік ережелерін ескергеніңіз жөн

Орта жастағы балалардың мәселелері

Болжанатын жағдаяттар	Шешім табатын нұсқаулар
Ренжігіш және әділетсіздікке төзбейді	Балаларға жақсы қарау, көңіл аудару, балалардың жүріс-тұрысын түсінуге тырысу
Есейгендік немесе ішкі дүниесінің пайда болуы: шылым шегу, карта ойнау, ішімдікті сұрауы, ересектерге еліктеу, ата-аналарының бұйымдарын қолдану. Түнгі ұйқыға жатқаннан кейін жүрісі мен қызметтердің әртүрлілігі	Тиісті мамандарды жұмылдырып қажетті кинофильмдерді көрсету. Күн тәртібін ақылмен орындауға үйрету. Мүмкіндік болса түнгі қызметтерді жойып, қажетті қолөнерге бағдар беру
Тұйықтыққа тірелу және жалғыздық. Бойындағы кемшіліктерін түзетуге үйренуі.	Қажетті қарым-қатынастарды байланыстырып, балаларға тапсырма беру қажет. Және олардың көңілін аударуға ұмтылған жөн.
Тілді алмау. Кері қарай кетуі немесе үнемі айғайласу	Балалардың қызығушылығын меңгеру, олармен қарым-қатынасқа түсу
Құпиялардың <i>(орманның бір бөлігі, жайлау, балық аулайтын жерлер)</i> пайда болуы. Тентектігі мен еркелегішік.	Балалардың құпиясын біліп, оны құпия сақтаумен қатар ақылмен пайдалану. Қиялдың бір бөлігін қолданып, қызықты ойындарды ұйымдастыру

Жеткіншек балалардың мәселелері

Болжанатын жағдаяттар	Шешім табатын нұсқаулар
Тұйықтық, ашушаңдық және тез ренжуі. Бұртыйған күйінде үндемей кетіп қалу немесе жақсы мен жаман көңіл күйдің ауысып отыруы.	Бұл баланың жүріс-тұрысы тәлімгердің қандай қарым-қатынас орнататындығына тікелей байланысты
Үлкендерге бағынбауы мен кері қимыл әрекеттері. Дербес қимыл қозғалыстар жасауға ұмтылысы. Ашу шақыратын жүріс-тұрыс. Кейбір кереғар қылықтары қызметінен асып түседі	Жеткіншектің мұндай іс-әрекетін түсінуге тырысу, мәселені анықтау, керек бағытқа бағдар беру, олардың тыңдаушысына айналу қажет
Безеудің пайда болуы. Айнадағы бейнесіне таңдана қарауы.	Баланың мұндай ерекшеліктерден қалай құтылуға болатыны туралы жеке әңгімелесіңіз немесе оны түзетудің жолдарын көрсетіп беріңіз
Өзіне деген қызығушылық	Топтық әңгімелесу кезінде – баланың бойындағы жақсы қасиеттерді тауып айтыңыз
Қарсы жынысқа деген қызығушылықтың оянуы, жаңа сезімталдықтардың пайда болуы	Шын махаббаттың әсемдігін ақылға жеңдірудің жолын айтып беріңіз. Қойылған сұрақтарға дұрыс және байыппен жауап қайтарылуы қажет.
Дербестікпен жеке іс шаралар атқаруға ынтасының артуы. Яғни ата-анасының қадағалауынан және бақылауынан босағысы келеді.	Осы орайда балаға дербестікке ұмтылудың жай-жапсарын толық түсіндіріңіз.
Жеткіншектердің орындалмас армандары	Балғындармен болашақтағы баспалдақтарды бірге бағамдай біліңіз.

Жоғарыда берілгендер әрбір тәлімгердің балалар лагерінде кездесетін мәселелердің жалпы суретін береді. Бұл ақпараттарды толықтырайық және кейбір мәселелерді қарастырып көрейік.

Мүмкін балалар өмірінде бірінші рет ата-анасынан, жанұясынан алыстаған болар, мүмкін лагерьге алғашқы рет келуі мүмкін. Мұндай жаңа өзгерістер әр балаға әр түрлі әсер беруі мүмкін. Егер бала белсенді, өз бетімен жұмыс жасағыш, “шытырман оқиғаларды іздейтін” болса, онда ол бала лагерьде үйде жасамаған қызметтерді іске асыруды көздейді – тәлімгер қамқорлық жасауы керек. Егер бала өзіне

сенімсіздікпен қараса, үйін, ата-анасын, қарым-қатынасты сағынатын болса, онда тәлімгердің қамқорлығы мүлдем басқа болады. Балалар сауықтыру лагерінде жаңа бір ұжымның ортасына түскендей болады. Ескі достықтың арасы үзіледі, балалар бір-бірін танымайды, олардың ортақ еске түсірер ойлары және ортақ қызығушылықтары жоқ. Міне топтасулар құрыла бастайды, бір-бірін ұнату, бауыр басу қалыптасады. Осы тұста балалардың қарым-қатынасында қиыншылықтар туындауы мүмкін. Кейбір балалар өздігінен тұйықталып қалады, жалғыздық сезімін сезінеді. Мұндай сезімдер баланың лагерьдегі таныс емес жағдаяттарда алғашқы рет кезіккенде пайда болады.

Лагерь үйден тыс жағдаяттардың орталығы. Сондықтан баланың жаңа ортада өзін көрсетуіне мүмкіндік беріп, қолдау мен көмектер көрсетілуі қажет. Лагерьде қарым-қатынасы қалыпты бала тынығу орнынан тыс уақытта да байланыстарды бекітуге бейімделеді. Демек, сауықтыру кешені жасөспірімдерге бойында жасырынған жақсы қасиеттердің ашылуына жәрдемдеседі. [1]

Күнделікті өмірде көп көңіл бөлінбей жалғыз қалған бала көп қиындықтарға кезігеді. Дәрігерлер көңіл бөлудің жетіспеушілікті белгілерін былайша болжайды: табандарында, білектерінде тынымсыз қозғалыстардың болуы; шыдамсыздық, ойын барысында және ұжымдағы жағдаяттарда өзінің кезегін күте алмайтындықтан; аяқталмаған жұмыстан келесі жұмысқа көшудің жиіленуінен; тыныш ойнай алмайтындықтан; көп сөйлегіштік; басқаларға кедергі келтіреді, айналасындағы адамдарға себепсіз тиіседі; өзіне айтылған сөздерді естімейді; іс-әрекеттің соңын ойламай, қатерлі әрекеттерге баруы.

Егер бала лагерьге алғашқы рет келсе, онда ол өзіне көп көңіл бөлуді талап етеді. Оның күн тәртібіне деген дағдысының жоқтығын, өз бетімен өмір сүре алмайтынын, тамақтануға, жаңа тәртіптерге әлі үйрену керектігін тәлімгер есінен шығармауы керек. Мұндай балалар жалғыздықты сезінеді. Егер бала лагерьде бірінші рет болмаса, онда онымен басқа мәселелер туындайды: ол бәрін білгіш, оның жүріс-тұрысы еркін және өткен жылғы демалыс күндерін қалай өткізгенін үнемі есіне алып, қазіргі кездегі қызықтармен салыстырады. Басқа құрбы-құрдастарынан жеке басын жоғары қояды. Сондықтан олардың белсенділігінен туындаған қиындықтарды жеңудің жолдарын қарастыру қажет.

Сонымен, жаңа ұжым қалыптасты. Тәлімгер балалардың жеке ойлау қабілетін дамытуға бас мән беру арқылы олардың алдыңғы аға буын өкілдерінің айтқан ақылы мен ұсыныс-пікірін елеусіз қалдыратын кемшілігіне дайын болғаны жөн. Лагерьде кез-келген жанұяда орын алатындай баланың денсаулығына байланысты әр түрлі жағымсыз мәселелердің ұшырасуы мүмкін. Осы сұрақтарды реттеудің жолдарына байланысты ақпараттарды зерделесек.

Энурез. Мұндай жағымсыз әрекеттермен балалар сауықтыру лагерьлерінде жиі кездеседі: олар төсектеріне кіші дәретін еріксіз жіберіп қояды. Тәлімгердің жұмысы баланың құрдастары арасында ешқандай ұятты жағдайларға қалдырмауы қажет. Яғни, бүлінген төсеніштерді ешкімге білдіртпей, ақырын ауыстырған абзал.

Ұйқы мәселелері. Біріншіден - түнгі ұйқыдағы жүрістен пайда болуы мүмкін (лунатизм). Екінші - түнгі үрейлердің әсері. Тәлімгер ұйқысы нашарлаған балаларды қадағалап, дәрігерлерге қаратуы қажет.

Ұрлық. Көз тартар әдемі заттарға қызығып немесе сауда жасауы үшін ақша ұрлап алса, күдікті көрінген немесе әрекеті әшкереленген баламен жеке жұмыс жүргізіп, алған заттардың қайтарылуына және кешірім сұрауына мүмкіндік жасаған жөн.

Гипер белсенділік. Қызуқандылығы бар бала белсенді және алаңсыз. Нақты тапсырылған бір жұмысты толық орындамастан басқа әрекеттерге араласады. Тәлімгер осындай ерекшеліктегі балаларды ортақ іске жұмылдырудың қызғылықты жолдарын қарастыруы қажет. Және бақылауға алуды ұмытпаған жөн. Жасөспірімдердің біразы мүмкін дәрігердің қатысуын талап ететін шығар. Сондықтан сақтық жасаған артық емес.

Отбасы мен үйіне сағыныш. Көп жағдайларда балалар ата-анасын, достарын және үй жануарларын сағынып, көп жылағыш болады. Бұл мәселелерді шешудің жолы - үйіндегі алаңдаушылықтарын уақытша ұмыттыратын және жаңа достар табудың мүмкіндіктерін қарастыруы қажет. Тәлімгер осы сұрақтар бойынша лагерьдің директорымен кеңесуі құпталады.

Суицид мінез-құлығы. Тәлімгер демалуға келген балаларды өмірден түңіліп, өзіне-өзі қол салуына бастайтын оқыс оқиғалар мен қайғылы қадамдардан ұдайы сақтандыруы тиіс. Және тұнжырап жүрген қолайсыз белгілерге ерекше назар аударып, жастардың мінез-қылықтарын байсалды ұстауға үйретуі керек. Суицидтың кез-келген әрекеті лагерь басшылығы және қызметкерлер тобы мен психолог мамандар арасында талқыланып, айрықша назар аударуды талап ететін әрі алдын-алу шаралары жедел қолға алынуы қажет қатерлі құбылыс.

Нәпсі құмарлықты тежеу. Жасөспірімдер ата-ананың қадағалауы мен бақылауынан босап, үйінен ұзап шыққан соң лагерьдегі құрдастарымен қарым-қатынас барысында нәпсі құмарлыққа ұрынуы мүмкін. Түрлі мінез құлықтың белсенді әрекеті гетеросексуалды немесе тіпті табиғи түрдегі жыныстық байланыстардың жасырын жолдарын қоздыратындықтан, тыйымдық тосқауылдар қажет.

Жеке әңгімелесу барысында немесе топ мүшелерімен сөйлескен сәттерде тәлімгер қарым-қатынастық байланыстар барысын түсіндіруі тиіс.

Тіл тигізу, дененің зақымдануына әкеледі. Лагерьдегі балалардың көбінде үй жағдайында жасырын болған әрекеттері ашық көріністерге бастайды. Балалардың арасындағы қатал түрдегі қарым-қатынасты байқаған тәлімгер дереу тиісті қадам жасағаны жөн. Себебі, ол киім ауыстырып жатқанда немесе душ қабылдау барысында баланың бойындағы дақ пен көгерген белгілерді байқамауы мүмкін емес. Осы орайда медбике дәрігермен, лагерьдің басшылығымен кеңесу қажет. Әдепсіздік әрекеттерді ұжымның көзінше, достардың арасында немесе балалардың ортасында талқыға салып, талдауға болмайды. Әдетте тіл тигізудің белгілері көзге көрінбейді. Американдық мамандар бұл бағытта кейбір қағидаттарды қаперге салады:

- Үрейленген мінез-құлықтың өзгерісі, көңіл күйдің төмендеуі.
- Бала жаман түстер көргендіктен төсегін дымқылдауы мүмкін. Төсегіне жатардың алдында ол қорқыныш сезімін бастан өткерген шығар.
- Ерекше белсенділік пен айрықша қызығушылық.
- Селқос мінез-құлықтың күрделенуі.
- Белгілі орындардан, адамдардан немесе қызметтің түрлерінен қорқуы мүмкін. Егер олар кейбір адамдармен оңашада қалса қауіптенетін шығар.
- Адам ағзасындағы сұйықтықтарға байланысты қан ағу немесе денені ылғалдайтын ауру белгілерінің байқалуы.
- Жануарларға қатыгездік таныту.

Химиялық улану. Лагерь қоршаған ортадан бөлінбегендіктен балалар өздерімен бірге спирттік ішімдік сусыны мен шылым және наркотикалық есірткілерді заңсыз иеленіп, бірлесе пайдалануы мүмкін. Жастардың арасында осындай жағдайлар байқалса, дереу бақылауға алып, қатаң тыйым салынғаны абзал.

Вандализм. Жеке басына тиесілі бұйымдар мен лагерьдің еншісіндегі мемлекеттің мүлігін бүлдіруге бейім балалар қоғам игіліктерін қиратуы ғажап емес. Сондықтан, осындай оқыс оқиғалар орын алса, кінәлі балаларды тез арада жедел анықтап, бүлінген немесе қираған заттарды қайта қалпына келтірудің мүмкіндіктері қарастырылуы қажет. Өйткені, бұл заң бұзушылықтарды жасаған жасөспірімдер құқық қорғау құрылымдары жауапқа тартылып, ата-аналарына айып пұл салынады немесе жарамсыз күйге түскен құнды заттың өтеуін төлеуі тиіс. Балалар еш себепсіз және білместікпен жасаған қателіктері үшін кешірім сұрап, қайта қалпына келтірілуі үшін көмектесе, бұл әрекеттердің тағы да қайталанбауын тәлімгер тарапынан қадағалануы керек.

Стресс. Тәлімгердің негізгі міндеті балаларды күйзелісті жағдаяттардан шығару және осы шырғалаң жолға тағы түспеуін бақылау.

Егер топтың ішінде дене бітімінде кемістігі бар немесе жұқпалы емес ауруларға ұшыраған науқас балалар болса, онда оларға жаңа ортада бейімделе алатындай қолдау мен көмек керек:

- жасөспірімнің жетістіктерін дәріптеу;
- балаға ұжымның ішінде толық өмір сүруге мүмкіндік беру;
- оңаша әңгімелесу;
- қиналған кездері қасында болу.

Тәртіптің бұзылуы. Әр түрлі жастағы жанұялық ерекшеліктермен тәрбиеленген балалар жаңа ортада кейде жайсыз сезінетіндігі рас. Осы орайда қатаң тәртіп пен арнайы шаралардың дұрыс қолданғаны қажет. Лагерьге келген балғындардың алдынан шығатын түрлі тыйымдардың тізімдемелері бір қарағанда шектеулердің көптігін көрсетеді. Алайда, қоғамдық орта мен ұжым бірлігі үшін тиісті ережелерге бағына білмесек бәрі бекер. Бұл – түрлі түйткілдерді тарқатып, жайсыз жағдайлардан құтылудың қажетті қадамдары.

Тәлімгердің міндеттемелері:

1. Күннен күнге баланың тәртіпті бұзғысы келетінін сезу қажет.
2. Баланың өз бетімен бақылау жұмысын меңгере алмайтынын түсіну керек. Бірақ тәлімгер өзі және топтың тыныштығы үшін қашан кері жүріс-тұрыстарды тоқтатуға болады екен деген сұрақтарға мазасынданбағаны абзал.
3. Бала құрдастарының арасында өз міндеттерінің бар екенін білуі шарт.
4. Балаларды мезгіл өткен сайын жылдамдыққа үйрете білген жөн; бірақ неліктен жалқаулық танытатындығын зердеге салыңыз.
5. Барлық адамға берік сенім арқылы өзгерістердің келетіндігін қайталауы қажет.
6. Тәртіпке шақыратын тәсілдерді әрдайым қолдану керек. Сонда ғана олардың жетістігі болады. Жазалау — бұл мүмкіндігінше жағымсыз әрекеттердің қарапайым тәсілі.

Лагерьдегі балаларды тамақпен, еңбекпен шектеу қоюға, ауызша балағаттауға қатаң тыйым салынады. Мұндай жағдайлар тәлімгердің кесірінен күйзелістік жағдайларға әкеледі.

Қауіп қатерлерден құтылу мақсатында келесі қадамдарға бару маңызды: әрдайым бір немесе екі басшының бақылау қызметі іске асырылып отырылуы қажет; осындай тәжірибе немесе қызметтің түрі бұзылған жағдайда жүріс-тұрыстарды тез арада дереу тоқтату қажет.

Тәртіпті бұзушылықтың әр түрлі жағдайына ресми құжаттар толтырылуы қажет. [1]

Лагерьдегі күн тәртібі және оны ұйымдастыру

Балалардың жас мөлшеріне байланысты лагерьде жеке күн тәртібі қабылдануы қажет. Ауа-райы мен ұжымдағы жағдайларға байланысты толықтырулар мен өзгерістер енгізілуі мүмкін. Маусым мен шілде айларында балаларды кеш жатқызып, асықтырмай тұрғызуға болады.

Ұйқыдан ояну. Кейбір балалар таңертең әрең тұрады. Олардың қатарластарынан кеш қалып қоймауы үшін ерте ояту керек. Балалардың ұйқысын ашу үшін музыканы қолдануға болады. Сырлы саздық әуендер күні бойғы жақсы көңіл күйге оң әсерін тигізеді.

Баланың төсегінен кеш тұрғаны үшін оны барлығының көзінше (жеке де) сөуге немесе айғайлап ұрысуға болмайды. Сізді жақын адамдарыңыз немесе анаң әрдайым қандай сөздер айтып оятқанын айту пайдалы. Сонда ғана кеш тұратындардың қатары кемиді. Адамның қандай көңіл-күймен оянуына байланысты бір күнді солай өткізетінін еш ұмытпаңыз. Талапшыл тәлімгердің көңілі көтеріңкі, сәлемі түзу, шыдамды және көңіл аударғыш болуы керек. “Ұйқынын келуі” көбінесе өзін нашар сезінуден, шаршағандықтан, жаман көңіл-күйден болатынын ескерген жөн.

Таңғы жаттығу. Балалармен бірге таңғы жаттығумен шұғылданыңыз. Керемет әсерлі сөздер тәлімгердің көрсеткен үлгісіндей есте қалмайды. Физикалық қозғалыс қимылдар балалардың жас мөлшеріне, олардың денсаулықтарын дамытуға әсер етуі тиіс. Жаттығулар түрлі ойын элементтерімен айшықталғаны абзал. Ұйымдастыру барысында қойылатын талаптар мыналар: жаттығуды өткізу уақыты - 10-15 минут; жаттығу ашық алаңда өткізіледі; жаңбырлы күндері жаттығу дұрыс желдетілген жабық ғимараттың ішінде жүргізіледі.

Тамақты ұйымдастыру. Егер басқа ережелер болмаса асханаға топпен бірге барған жөн. Тамақ алдында балалардың қолдарын жууын қадағалаңыз. Барлығымен бірге ас ішуді бастап, аяқтауға тырысыңыз. Кейбір балаларға ұнамайтын тағам түрлерін басқасымен ауыстырып беруді ұйымдастырып, сапасына көңіл бөліңіз! Демалушылардың асқазаны тәлімгердің белсенділігіне бағынышты екендігін еш ұмытпаңыз. Асхананың ішіндегі тәртіпке назар аударып, балалардың аш қалмауына көңіл бөліңіз. Тамақтанып болған соң үстелдің үстіндегі тазалықты қадағалау қажеттігін естен шығармаңыз.

Тыныштық сағаты. Балалардың демалуына жағдай жасаңыз және ықпал көрсетіңіз. Демалыс уақыты екі-үш сағатқа созылады. Бұл күш жинауға, күндізгі ұйқыны қалпына келтіруге арналған уақыт. Кіші жастағы балаларды ұйқыға жатқызыңыз. Жасөспірімдерге кітап оқуға, үнсіздік арқылы ойлануға ерік беріңіз. Ережелерді құрыңыз: тыныштық

сағатында әңгімелесуге, жүруге болмайды. Бұл тәртіп кейін ережеге айналуы мүмкін.

Бос уақыт. Ол ұйымдастырылған болуы керек. Әрбір баланың көңілі қалаған сүйікті ісімен айналысқаны абзал. Демалушы жастар бос уақытын ұтымды ұйымдастырмаса, тәлімгер тарапынан жанашырлық жәрдем керек.

Өзіне қызмет көрсету. Өзіне қызмет көрсетуде үлгі болыңыз. Балаларға таңертең, кешке және тамақтанудың алдында беті мен қолды жуып, тісті шайып, таза әрі ұқыпты киініп жүруді айтыңыз. Балалардың төсектеріндегі тазалықты тексерген дұрыс. Жеке бас гигиенасын сақтауға және тарақтың тазалығына үйретіңіз.

Түнгі ұйқыға жату. Балаларды ұйқы алдында жай ғана дауыс ырғағына бағдарлаңыз. Балаларды ұйқыға дайындауды ерте бастаңыз. Себебі түнгі ұйқы кезінде олардың көбісі жеке басының гигиенасын орындауға ұмтылады. Жас мөлшеріне қарамастан алғашқы күннен бастап-ақ уақытында ұйқыға жатуына дағдыландырыңыз. Барлық баланың орнында екеніне көзіңізді жеткізіңіз. Тәлімгерге қоятын сұрақтарына жауап беріңіз. Ұйқының алдында тыныш ойындарды ойнатыңыз және қиял әлемін қозғамаңыз. Кіші жастағы балаларға жақсылықпен аяқталатын ертегілер қажет. Орта жастағы балаларға — шытырман оқиға (жалғасымен) айтып беріңіз; жасөспірімдерге — махаббат туралы. Тақпақ оқып, ән салыңыз. Гитара тартқан дұрыс. Талап қоймай, сабырлы болыңыз.

Балалардың бәрі толық ұйықтағанына көз жеткізген соң, оларды жалғыз тастамаңыз. [1]

Лагерьде дәстүрлі күндерді ұйымдастыру

Дәстүрлі күндер (*лагерьге келу, одан кету, ата-аналар күні*) — лагерьдің ауысымында маңызды орын алады. Ауысым кейбір кезеңдерден тұрады: дайындық, ұйымдастырушылық, қорытынды. **Дайындық кезеңі.** Бұл кезең тәлімгердің ата-аналармен, балалармен, лагерьдің әкімшілігімен, аумағымен таныстырады. Тәлімгер балалар мен жасөспірімдерді балалар лагерінің әкімшілікпен, дәрігерлермен ата-аналардың (немесе олардың орнын басатын) сауалнамасын жүргізу кезінде балаларды бірге тіркеуге көмектеседі. Сауалнаманың соңында болашақ топтағы балалармен тәлімгердің сырттай танысатындай, олардың мінез-құлқын және ерекшеліктерін анықтағаны абзал. Және ауысымға арналған үлгілі жұмыс жоспары жасалғаны жөн. Сұрақтар мазмұны төмендегідей болуы мүмкін.

1. Баланың тегі, аты, әкесінің аты.
2. Айы, күні, туған жылы.
3. Мекен-жайы, байланыс телефоны.
4. Ата-аналарының (немесе заңды тұлғадағы өкілдерінің) тегі, аты, әкесінің аты; телефоны және жұмыс орны.
5. Ата-аналар күні, ата-аналарынан басқа адамдарға (заңды тұлғадағы өкілдері) баланы лагерьдің ауысымынан кейін кімге табыстауға болатын туралы ақпарат.
6. Баланың инфекция жоқ ауруы және алғашқы көмек беру ерекшеліктері.
7. Аллергия беретін себептердің туындауы.
8. Диетаға арналған арнайы талаптар.
9. Мінез-құлқысы мен жүрісінің ерекшелігі.
10. Баланың қызығушылығы.
11. Суда жүзе алуы.

Ата-анадан баланың арнайы инфекциясы жоқ ауруы туралы сенімділікпен сұраңыз (энурез, аллергия және тағы басқа), демалысты дұрыс ұйымдастыру үшін мұны білудің маңыздылығын түсіндіріңіз. Баланың қоғамдық көлікке мініп-түсу мәдениетін қаншалықты меңгере алатынын сұраңыз. Ата-анаға жазғы демалысқа керек заттардың, басына киетін бас киімге назар аударыңыз (жаңбырлы күні, ыстық күндері), ауыстырып киетін аяқ-киім, іш-киім тізімін ұсыныңыз. [1]

Демалатын балаға қажетті ақпарат төмендегі құжаттарда көрсетілген:

1. Балалар лагерінің төлқұжатында төмендегі мәліметтер түзілуі тиіс:

- лагерьдің аталуы;
- заңды тұлғаның мекен-жайы және байланыс телефоны;
- қозғалыс жүрісі;

- келу ауысымының мерзімі;
- су беткейлерінің бар болуы;
- балалардың орналасу жағдайы;
- топтағы балалардың саны; топтарды біріктіру жағдайы;
- қабылданатын балалардың жас мөлшері;
- шеберлік-сыныптары мен спорттық секцияларға қоса арнайы бағдарламалардың бар болуы; лагерьдің ерекше дәстүрі;
- балаларға медициналық қызмет көрсетудің түрлері;
- кітапхана мен бейнеоқор және ғаламторлық жүйеге тұрақты жалғанған компьютерлік сыныптың бар болуы.

2. Қажетті киімдердің тізімдемесі (түрі мен саны). Егер бәтеңке арнаулы керек-жарақты қажет етсе немесе көрпе қап болса, онда олардың сипаттамасын көрсету керек. Қай түріне таңдау жасауға болатындығын айтқан абзал. Баланың жағдайына байланысты меншігін таңбалаудың қажеттілігі туралы ата-ананы фамилиясын көрсетіп жоғалып кетпеуі туралы хабардар ету керек. Егер жеке басының радиоқабылдағыштар немесе телефон сынды мүліктеріне шектеу қойылатын болса ескертілуі тиіс.

3. Бала өзінің киімін өзі жуатынын көрсету қажет.

4. Ата-аналарға баланың денсаулығы туралы бланкіні міндетті түрде толтыруды ұсыныңыз. Дәрігердің қарамағынан денсаулығына байланысты қадағалау керектігін көрсетуді сұраңыз.

Бланкіде қажетті ақпараттар айтылуы қажет:

4.1. Денсаулығының жағдайын қадағалау (егер қажет болса).

4.2. Денсаулығы туралы мәлімдеме: аллергия, ауырған аурулары, операциялар, енгізілген екпелер.

4.3. Баланың қабылдап жүрген және дәрігердің қолы қойылған медициналық аппараттар.

4.5. Төтенше жағдайлар кезінде ата-анамен, асыраушымен хабарласатын мекен-жай, телефон нөмірі.

5. Мүмкіндік болса, ата-ананың келетін күні мен уақыты.

6. Күндіз келіп кететін лагерьлер үшін баланың күнделікті тамақтану кестесін, баланың өзімен бірге не әкелетіні және лагерьдің қамтамасыз ететін заттарын бөліп көрсету қажет.

7. Күндіз келіп кететін лагерьдің түнгі жорықтарға қажеттілігі мен уақытын, дайындық жоспарлардың кестесі қабылдануы қажет.

Ұйымдастыру кезеңі — бұл бейімделу кезеңі. Сондықтан бірінші күннен бастап тәлімгер топтың ішінде ашық алаңын құруға жағдай жасауы, жақсы қарым-қатынасты, достық, қолдаушылықты құру маңызды талабы болып табылады. Бірінші минуттан бастап топтың өмір сүруін жоққа шығаратын, өздігімен жүретін, басқа балаларға қысым көрсететін «басшылық етуші» топтарды дереу тоқату қажет. Бұл кезең бас аяғы үш немесе төрт күнге ұласуы мүмкін.

- балаларды лагердің орналасуымен, салт-дәстүрімен, тарихымен, жақын жердегі мекемемен, педагогикалық ұжымдағы маман қызметкерлермен таныстыру;

- барлық балалардың қатысуын қамтамасыз ететін жағдаяттарды құру және қызметтерді ұйымдастыру. Жасөспірімдер мен балалардың қызығушылықтары, олардың неге икемділіктерін анықтайтын диагностикаларды жүргізу арқылы олардың бір-бірімен тез танысуға мүмкіндік беру;

- өзін-өзі басқару ұйымдарына таңдау жасату, топ мүшелерінің арасында тапсырмаларды бөлу, топтық жұмыстарға әр оқушыны жұмылдыру;

- лагерьдің ашылу салтанатына байланысты балаларды топтың ортақ ісіне белсенді қатыстыру.

Осы кезеңде топтың ішінде мыналарды өткізуге болады: лагердің ішінде экскурсия жасау, таныстық алауын өткізу, бейімделу операциясын жүргізу, ұйықтайтын бөлмелерді безендіру байқауы, көркемөнер иелерінің концерті; сүйікті істердің эстафетасы, білімгерлердің турнирі, викториналар, топтың алғашқы отырысы. Мұның барлығы тәлімгерге топтың психологиялық-педагогикалық мінездемесін ашуға мүмкіндік береді. Және топтардың шығармашылық қызметтерін жоспарлауға болады.

Сонымен, лагерьге келу күні. Балаларды қалада қарсы аларда мыналар есіңізде болсын:

- Жиналатын орынға ерте келіңіз (белгіленген уақыттан 1 сағат бұрын).

- Өзіңіздің тобыңыздың жиналатын орнын, кіші жастағы балаларға эмблема дайындаңыз (тәлімгердің тапқырлығы ата-ана мен балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды).

- Балалар мен қыздардың жеке тізімін құрыңыз, лагерь директорының балаларды қабылдауға арналған нұсқаулығын орындаңыз, ата-аналардың тілектерін жазып алыңыз.

- Автобусты тексеріңіз (тазалығын, отыратын орнын, терезесін).

- Жол үстіндегі қозғалыс туралы балалармен алғашқы нұсқаулықты өткізіңіз: терезелерді ашпауға, қоқыс тастамауға, рұқсатсыз орнынан тұрмауға, керек жағдайларда тәлімгерге жүгіну қажеттігін еске салған дұрыс.

- Балаларға ата-аналармен қоштасуға көмек көрсетіңіз, ата-аналардың күні туралы ескеріңіз.

- Балаларды тізім бойынша тексеріңіз. Автобустың ішінде бөтен адамдар болмау керек.

- Сауықтыру лагерінің директорына тіркелген балалардың саны туралы және кетуге дайын екендеріңізді айтыңыз.

- Өзіңіздің күнделікті жұмыстарыңызбен айналысыңыз.

- Автобуска отырарда кейбір ережелерге сүйеніңіз. Олар мыналар:

- Сабырлықпен балаларды санап, тізіммен сәйкес тексеріп шығыңыз.

- Балалардың денсаулығын ескере отырып, әдеп негіздерін негізге ала отырып балалардың автобуска отыруын ұйымдастырыңыз.

- Егер балалар кішкентай болса, онда олар өз бетімен автобустың ішіне заттарын алып кірмейтіндей ұйымдастырыңыз (оны ата-аналардың көмегі және үлкен топтағы жасөспірімдердің көмегі арқылы ұйымдастыруға болады).

- Барлығы отырып болғаннан кейін балалардың көз жасы шықса да ата-ананың автобуска қайта кіруін болдыртпаңыз.

- Балаларды автобуска отырғызып біткен соң оларды тағы да бір тексеріп шығыңыз. Автобустың ішінде бөтен адамдардың жоғына, барлық балалардың орындықтарға еркін орналасқанына көз жеткізіңіз.

- Сауықтыру лагерінің директорын тиісті мәліметтер бойынша хабардар етіңіз. Лагерге келген соң келесіні орындаңыз:

- Балаларды тізім бойынша тексеріңіз.

- Оларды корпустарға, бөлмелерге бөліңіз (қызығушылықтары мен ниеттері бойынша).

- Оларға киімдерін жинастыруға уақыт беріңіз. Ыңғайлы аталатын операция (заттар – сүлгі - төсектегі құм) атқарылғаны абзал.

- Алғашқы ұйымдастыру жиынын өткізіңіз.

Бірінші басқосу барысында, жиында тәлімгермен, балалармен алғашқы танысу өткізіледі. Балалардың лагерьдегі өміріне қатысты сұрақтарды қарастырыңыз: ішкі тәртіп ережесін; кезекшілердің міндеттерін; лагерьдің тыныс-тіршілігіне жасауға болмайтын істерді түсіндіру; күн тәртібі; дәретхананы қолдану ережесімен танысу; киімдерді арнайы жиһаз жәшіктерде сақтау; төсектерді жинау; бөлмелердің тазалығы; асхананы аралау; түнгі уақыттағы арнайы кесте; қарым-қатынастағы сыйластық; сауықтыру лагерінің әкімшілігімен таныстыру; қиын жағдайларда тәлімгер қасында болмаса кімдерге өтініш жасау жөніндегі ақпараттар.

Лагерьмен танысу – экскурсиясы ұйымдастырылады. Кешкі шырақты өткізіңіз. Келесі күнге таңдау жасаңыз: активін, топтың атын, эмблемасы мен ұранын белгілеу. Топтың жұмысын жоспарлау. Ұйымдастыру кезеңінде топтық жұмыстарды өткізген дұрыс және қасыңыздағы балаларды алысқа жібермеңіз. [1]

Ата-аналар күні негізгі кезеңде жүргізіледі. Балалардың көптен күтетін дәстүрлі күндердің бірі. Оны қалай қызықты ұйымдастыру қажет?

Лагерге ата-аналардың келуі — балалар үшін мереке. Сондықтан, қандай да бір іс-шара секілді оған да аса дайындық қажет.

Мерекенің өз мәресіне жетуіне тырысыңыз. Балалар оны қатты жақсы көреді! Корпустың бөлмелерін дайындап, балаларды киіндіріңіз. Бірге атқарылған жұмыстарды көрсетіп, кездесетін орынды безендірген жөн. Талантты жастардың қойылымын дайында, ата-аналарды балалармен бірге ойнауға жұмылдырған дұрыс. Әр түрлі жағдайларға байланысты ата-анасы қатыса алмай жалғызсырағандықтан көңілсіз қалған балаларды қуанышқа бөлеудің жолдарын табыңыз.

Отбасы мүшелерімен кездесе алмай жабырқаулы жүрген жасөспірімдерді бір сәт жалғыз қалдырмаңыз, олардың өкпе-ренішін таркатуға тырысыңыз. Осы әрекетке жанындағы қатар құрбыларын жұмылдырыңыз. Өткен өмірдің тосын сәттеріндегі сезіміңізді еске алсаңыз жанарына жас үйірілген баланы толық түсініп, қолдау көмек көрсете аласыз. Демек, үлкен топ пен шағын топта ұмытылған балалар болмайды. Мүмкін ата-аналар мен балалар бірге тамақтанатын ортақ дастархан әзірлеген тиімді ме? Ұтымдылықпен ұтырлы ұйымдастырыңыз. Барлық балалардың нені білуі керектігін, тәлімгердің міндеттемелерімен қатар ата-анаға айтылатын нұсқаулықтарды жадыңызда ұстаңыз. [15]

Сіздің тобыңыздағы әрбір бала төмендегі қағидаларды меңгеруге тиіс:

- Ата-анамен кездесуге барғанда не істеу керек: егер кездесу топтың аумағында болса ата-ананың қолымен жазылған өтініш тәлімгерде тұруы тиіс. Сауықтыру лагерінің директорының атына жазылған өтінішті тәлімгерге тапсыру қажет;

- Топтағы кіммен кетуге болады және не істеу керек;

- Қайтып келген соң не істеу қажет? Топтың тәлімгеріне келгені туралы хабар беру;

- Ата-анамен қай жерде уақытты өткізуге болады?

Ата-аналар күні тәлімгер баланы ата-анасымен жіберер алдында мынаны ескергені жөн:

- Ата-ананың (заңды тұлға өкілі) атынан жазылған өтініш қолында болсын. Соның негізінде ғана баланы топтан жібере аласыз;

- Егер тәлімгердің бойында қандай да бір күдік болса (келген адаммен баланы ертіп жіберейін бе, әлде қарсылық танытқан жөн бе), онда өтініш лагерь директорының кабинетінде жазылуы қажет (аға тәлімгер немесе аға тәрбиеші);

- Егер тәлімгер ата-анамен әңгімелеспек ойы бар болса, онда алдымен бұл жайында баламен сөйлескені дұрыс;

- Ата-аналарға қандай тағамдарды балаға беруге болатынын ескеру керек:

- көкенистер, жемістер (жуылған) - ИӘ;

- консервілер - ЖОҚ;

- қаймақ, сүзгі, айран - ЖОҚ;

- әр түрлі су - ЖОҚ;
- кәмпиттер (карамель) - ИӘ;
- тәтті кәмпиттер (шоколад) - ЖОҚ;
- шұжық - ЖОҚ;
- майға қуырылған тағамдарды балалардың ата-аналармен бірге қосыла жеуін немесе жемеуін еркіне қалдыру қажет.

Ата-аналардан балаларын тамаққа тым тойғызбауын өтініп, асқазандары мен іші ауырмауын бақылаған жөн.

Барлық балаларға ата-аналары түгел келсе де, тәлімгер топ орналасқан корпустағы қызмет орнын тастап алысқа ұзап кетпеуі қажет.

Ата-анасы келмеген балалармен не істеу керектігін ойластыруыңызды тағы да есіңізге саламын. Ата-анасы келген балаларды қонақтарға тағамнан дәм татыру керектігіне көндіріңіз. Немесе оған өзіңіз басшылық жасаңыз. Ата-анасы келе алмай қалған баланың көңілін басқа жаққа бұру үшін себепті жағдай ойластырыңыз. Балаларға осыны басынан өткеруге көмек беріңіз.

Балаларға жеке киімдерін және керексіз заттарды ауыстыруды естеріне салыңыз. Ата-анасымен сөйлескенде әр баланың қабілетіне байланысты жақсы сөздерді айтқан абзал. Мазалайтын (денсаулығы, тамақтануы, тұйықтығы және басқа) мәселелер туралы әңгіме жүргізіңіз. Ата-аналар әр түрлі болатындығы баршаға белгілі. Сондықтан, бірден баласын жамандаудың жөні жоқ. Ақылы парасаты бар әке мен шеше тәлімгердің сөзінен соң ең алдымен перзентінің пайдасы үшін және сауықтыру лагерінің мамандарына тиімді нақты шешім қабылдары хақ.

Ата-аналарымен қоштасқан балалардың зат салғыш жәшіктерінде тез бұзылатын және тыйым салынған заттардың болуы тексерілуі тиіс.

Монша күні. Оның ұйымшылдықпен өтуі үшін мына нұсқауларды орындаңыз:

- төсек жабдығын жинаңыз, санаңыз. Әр бөлменің балаларынан жеке-жеке қабылдаңыз;
- ересек балалардан төсек жабдығын тапсыруды, тазасын әкеліп және төсек орындарын салуды сұраңыз;
- тырнақтарының санитарлық тазалығын қадағалаңыз. Кіші балаларға өзіңіз көмектесіңіз;
- сабын, шаш сабыны, дене ысқыш пен сүлгіні және ауыстырып киетін іш-киімін (кіші балалар) мезгілдік киімдерге қоса бас киімдерін түгендеңіз;
- медициналық тексеріс кезінде балалардың дәрігерлердің айтқандарын тыңдап, талаптарын орындауға көмектесіңіз;
- балаларды моншаға алып барарда арнайы топтарға бөліңіз;

- әр бөлімнің шомылу барысында (қыздар мен ұлдарда да) ересек адам міндетті түрде болуы қажет;
- шашы ұзын қыздарға көмек қажет болса қол ұшын берген жөн;
- ересек топтардың кіші топтарды шомылдыруын ұйымдастырыңыз;
- душта кілемшелердің бар болуын қадағалаңыз;
- балаларға моншаның ішінде болатын аяқ асты жағдаяттар туралы айтыңыз (суық немес ыстық судың өшіп қалуы, тайғақ еден, сабын көпіршігінің көзге түсуі);
- кіші және орта жастағы балалардың қолданылған іш-киімдері не істейтіндерін тексеріңіз. Оларға көмектесіңіз.

Қорытынды кезеңде лагерьмен қоштасу шараларының дұрыс ұйымдастыру аса маңызды. Балалар маусымның жабылуынан төрт-бес күн бұрын лагерьден кететіндіктерін сезіп, дайындалады. Тәлімгер балалардың қимыл-әрекетін қадағалауы қажет. Бұл кезең әр баланың қызметін талдап, атқарылған жалпы жұмыстың нәтижесін саралайтын сындарлы сәт. Қорытынды шығару — үйірмелер мен топтардың шығармашылық есеп беруі және ашық әңгімелесу алаңы. Айналадағы табиғатпен қоштасып, соңғы жаттығулар жасалады.

Ата-анасы мен отбасына кері қайтып оралатын күн жақындаған сайын балалар күн тәртібін бұза бастайды. Егер тәлімгерлер талаптарын бәсеңдететін болса, жастардың еркінсуі мүмкін. Сол себепті тәлімгердің мынаны білгені жөн:

- алдында жоспарланған жоспармен жұмыс жасау;
- күн тәртібін бұзбауға тырысу;
- балалар мен жасөспірімдердің жоспарланбаған бос уақыттарын доғару;
- әр баланы қатыстыра отырып топтық жұмыстарды ұйымдастыруға деген талпыныс;
- сағынуға мүмкіндік бермеу;
- ешбір бала көзден таса қалмасын;
- қоштасу кешінің бағдарламасын ойластыру;
- әрбір жұмыс уақытын нақты ұйымдастыру.

Кетер күннің алдында балаларды заттарын жинауға, жоғалтқанын табуға, басқалардан уақытша пайдалану үшін сұрап алған басқа адамның заттарын иесіне кері қайтаруға бағыттаңыз.

Карнавалды түн. Лагерьдің соңғы күні барлық жерде осылай аталады. Сондықтан қоштасу кезеңінде балаларды жалғыз қалдырмай, жағдаятты қадағалаңыз. Алқызыл шырақ тұтанған киелі ошақтың жанына жиналған жастар өткенге сағынышпен қарап, болашақтарын армандасын. Сонымен қатар «кұрбы-кұрдастарыма ізгі лебізімді жазамын» тақырыбындағы ойынды ұйымдастырған дұрыс. Ойын дөңгелене отырған балалардың қатысуымен қызады. Әр ойыншыға

қағаз бен қалам қажет. Балалар қағаздың төменгі бөлігіне аттарын жазып, оң жағында отырған көршісіне береді. Көршісінің есімі жазылған қағазды алған адам оған бірнеше сөз арнайды. Нені және қалай жазу керек? Ақ парақтың бетіне тілектері мен мойындауын түсіргені дұрыс. Сурет салып, тақпақтар құрастыруына болады. Жазылған сөздерді ешкім дауыстап оқып қоймас үшін оның жоғарғы бөлігін қайырып қойған қолайлы. Сосын осы қағаз оң жағында отырған көршісіне үлестіріледі. Осы жағдай қағаздың иесіне қайтып келгенше ойнала береді. Басқаларынан бұрын алған адамдар үшін бір уақытта жазылған сөздерді оқу қызықты болады. Лагерьде жазылған мұндай хаттар ұзақ уақыт сақталады.[1]

Кері қайту күні. Осы күні:

- төсек жасауын байыппен жинаңыз (әр бөлмені жеке-жеке), есептеңіз, тапсырыңыз;
- бөлмелерді жинаңыз, оны тазалықта ұстаңыз;
- балалардың киімдерін толық жинап алғанына көз жеткізіңіз;
- сіздің тобыңызда жігіттердің көп екенін еске түсіріңіз, автобуста өздерін қалай ұстау керектігін естеріне салыңыз;
- балаларға әркім өз тобымен бірге кететіні туралы ескертіңіз;
- тағы да автобуста өздерін қалай ұстау керектігін, терезені ашуға болмайтыны туралы айтып шығыңыз (қалдықтар мен қағаз қиындыларын тастамау);
- автобустан қалай түсу керектігін естеріне салыңыз;
- ата-аналармен кететін балалар міндетті түрде бұл туралы тәлімгерге айтуы керектігін ескертіңіз.

Балаларды автобусқа отырғызып, киімдерін орындарына қойып болған соң тәлімгер тізім бойынша балаларды тексеріп шығады. Көлік қозғалысы кезінде жайлы сезінбейтін балаларды ескере отырып, оларды тыныштандыру қажет. Автобустың есігі жабылған кезде коллонаның басшысы қозғалуға дайындық барысын баяндайды.

Ата-аналары күтіп алмаған балаларды ұйымдастырылған тәлімгерлер шығарып салады. Барлық балалар ата-аналарымен қауышқаннан кейін ғана тәлімгер сауықтыру лагеріндегі жұмыстың аяқталғанын ескеріп терең тыныстауына болады. [1]

Балалар лагеріндегі өзін-өзі басқарудың ерекшеліктері

Балалар лагеріндегі әр бала ұжымның алдына қойған талаптарды шешуде өзінің қажеттігін сезінетіндей жағдай жасалуы қажет. Мұндай жағдайларда ұжымыңызды дұрыс басқару басты маңызға ие. Өзін-өзі басқару әлеуметтік белсенділіктің, көшбасшылықтың қалыптасқанын көрсетеді. Әлеуметтік қарым-қатынастардың күрделі де қиын кезеңдерін абыроймен әрі адал атқарылғанын айшықтайды. Өйткені, әрбір топтың дербес мүшесі лагерьдегі қуаныш пен қызықтарға қоса кедергілерді тең дәрежеде бірге еңсерудің қасиеттерін бойға сіңіреді. Жалпы қоғамдық жұмыстарға балалардың қатынасы арқылы басқарушылық тетіктері жетілдіріледі.

Балалардың өзін-өзі басқару билігі ұжымдаса тірлік кешудің үлгісі және нақты тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді. [7]

Лагерьдегі балалардың өзін-өзі басқару қызметтері қандай?


1. **Өз бетімен белсенділік таңыту.** Басқарушылықтың мәселелерін шешуге көптеген балалар жұмылдырылуы мүмкін.

2. **Өз бетімен реттеушілікті ұйымдастыру.** Топтың ұжымына белсенді балалардың ат салысуын көздейді, ұжымның өз бетімен құрылымды өзгертуге қабілеттілігі.

3. **Ұжымды өз бетімен бақылаушылық.** Қойылған талаптарды жаңа тиімді шешімдермен шешудің негізінде басқа ұйымдастырушылық қызметті және өз бетімен басқарушылық органының күнделікті талдауын жасауды көздейді.

Пайда болған мәселелердің төңірегінде балалардың өз бетімен шешім қабылдауында ғана өз бетімен басқарушылық пайда болады. Шешім қабылдау топтық мүдделердің қалыптасуын көрсетеді. Ұжымдасқан еңбектің нәтижелері балаларды жаңа мақсаттарға жетелеп, жеке дара жұмыс жасауға жұмылдырады. Балалар ұжымындағы даму үлгісін сызба түрінде көрсетейік. Кестедегі даму барысынан сатылы жүйе аңғарылады.

**Ұжымдағы өзін-өзі басқарушылықтың үлгісі
(балалар лагерінің жағдайында)**



Балалардың әр түрлі қызметті басқарушылығы бірдей бола бермейді. Жастардың қызығушылығына басымдық берілсе өзін-өзі басқару жүйесі тез дамиды дегенді дәлелденген.

Өзін-өзі басқару орган қызметінің мазмұны

1. Өзін-өзі басқару органын құру үшін тәлімгер балаларды қызық бір жұмыспен шұғылдандыруы қажет. Сосын ғана сәйкесінше өзін-өзі басқару органының дамуына жағдай жасалуы қажет.

2. Нағыз өзін-өзі басқару органына әр түрлі жиналыстарды әзірлеу, қатысушыларды жинау маңызды болады. Ол үшін топтың ішінде уақытша өзін-өзі басқару органдары құрылуы қажет. Олар берілген жобаның ұйымдастырушылары саналады. Тәлімгердің басқаруымен белсенділік танытқан топтар талқылауға енгізілген ұсыныс-пікірлерді зердеге салып, миға шабуыл жасау әдісін қолданады.

3. Қойған талаптарды шешуге байланысты топтық ізденістер басталғанда ғана бұл әрекет іске асады. Бірақ ойларды жүзеге асырудағы жауаптылардың саны көбейген сайын, олар өз қызметінің нәтижесіне жауапкершілікті қатты сезбейтін болады.

4. Тәлімгер өзінің міндеттерімен бөлісуге үйренуі қажет – егер топтың ішінен жүргізуші табылатын болса, онда талқылау-жиналыстары өте маңызды және қызықты өтетін болады.

5. Өзін-өзі басқару органының қалыпты түрдегі мүшелерін құру өте орынды. Шығармашылық тапсырмаларды кезектесіп берген жақсы. Алайда оны күнделікті және барлығын бір мезетте ауыстыра бермеген жөн.

6. Уақытша құрылған өзін-өзі басқару органының мүшелері күнделікті өткізілген жұмыстардың қорытындысын және мерзіміне қарамастан қызметінің нәтижелі қорытындыларын талдауы тиіс. Балалардың өзін-өзі басқаруындағы даму мен педагогикалық қарым-қатынасы айрықша маңызға ие. Бұл қарым-қатынас былай іске асады:

- ұжымды басқарушылықта балаларға тапсырмаларды, жауапкершіліктерді кезең бойынша берген дұрыс;
- ұжымдық шешімдерді қабылдағанда тәлімгердің балалардың алдында және балалардың тәлімгердің алдындағы жауапкершіліктері тығыз ұштасады. Тәлімгер мен балалар ұжым алдындағы мәртебелі міндеттерін сезінгендері жөн;
- балалар мен тәлімгерлердің ортақ жұмыстарға жұмылуы;
- қызметтерді іске асыруда, дайындық үрдісінде туындаған мәселелер туралы балаларды хабардар ету.

Балалардың өзін-өзі басқарудағы қажетті жағдаяттар

1. *Ізденіс.* Балалардың бойындағы ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту, оларды лагерьдің қожайыны ретінде тәрбиелеу. (жұмыстарды тексеру, ізденіс жұмыстары және т.б.).

2. *Ұжымдық қызметтерді жоспарлау.* Әр түрлі қызметтегі жұмыстарды жоспарлағанда ұжымдық шығармашылық жұмыстардың әдістемесін қолдану пайдалы. (“Миға шабуыл” әдісі, “Ойлардың қобдишасы”, “Ойлар аукционы”).

3. *Ұжымдық жұмыстарды ұйымдастыру формалары.* Қызығушылықтарына байланысты клубтарды құру, ойлар базасын құру, ұжымдық шығармашылық жұмыстарды құрғанда балалардың шығармашылық лабораторияларын жинау және оны талдау. Осы талқылауға әр оқушының кеңінен қатысуын қадағалау, қызметті ұйымдастырушыларға берілетін шығармашылық тапсырмаларды анықтау.

Топ ішінде өзін-өзі басқарудағы тәлімгерге кеңес

Тәлімгерге қажет:

1. өзінің тобындағы балаларды өзін-өзі басқаруда неге үйреткісі келетіні туралы сұраққа жауап беру;
2. балаларға қандай талаптарды, тапсырмаларды бергісі келетінін жетік түсіну;

3. балалардың жас мөлшерін еске ала отырып, жоспарланған жұмыстың іске асуын анықтау керек;

4. топтың ішінде қандай басқару құрылымдарының жұмыс жасайтының және оны орындау үшін қандай тапсырмаларды орындау қажеттілігін анықтау;

5. өз ойын іске асыру, шығармашылық тапсырмалардың кезегінің қайталануын алдын ала болжау. [7]

Балалар сауықтыру лагерінде жұмысты жоспарлау әдістемесі

Лагерьдегі жұмысты дайындаудың жағдайымен танысу барысында, құқығы және міндеттері, күтілетін қиындықтар, мәселелерді шешу қабілеттілігі мен жұмыс әдістері арқылы әрбір тәлімгер қызметін жоспарлауға кіріседі. Тәлімгер лагерьге барғанға дейінгі ұсынымдарды басшылыққа алса игі.

Жоспар – бұл тәлімгердің тәрбие беру қызметін жүйелейтін қажетті құжат. Бұл - баланың тұлғалығын дамытуға бағытталған және және тәрбиелік жұмыстарда нақты нәтижелерге қол жеткізетін тұғырнама.

Жауапты жұмысын жүйелі жоспарлаушы **ТӘЛІМГЕРГЕ КЕҢЕС:**

- Лагерьдің бағдарламасымен танысу;
- (болашақ көмекшінің бірігіп істейтін) ауысымның келешек жұмысының мақсаттары мен міндеттерін анықтау;
- Балалардың жас ерекшелігін оқып біл, балалардың жас ерекшелігінен күтілетін нәтижеге баса назар аудар;
- (қызығып шұғылданатын ісі, нақты күтілетін нәтиже, ұнататын тапсырмасы, қолынан келетін ісі) сияқты балаларға берілетін сауалнаманы қолдану;
- (дәстүрлер, дружинаның кезеңдері, топ жұмысы) деген лагерьдің мүмкіндігін танып білу, өз жұмысында осы берілгендерді қалай қолдануға болатыны туралы ойлан;
- Өзің игерген әдістерді, үлгілерді, тәрбие құралдарын таңдап ал;
- Лагерьдің бар мүмкіндігін ескере отырып ауысымның моделін жаса;
- Топтың ішінде шығармашылық кеңістігін құр;
- Балалардың қызығушылығын ескер.

Балалардың қызығушылығын, ауа-райын ескере отырып, күнделікті таңертең түзету енгізе отырып, әрбір күнге жұмыс жоспарын жасайды. [5]

Жұмысты жоспарлау барысында мына қызметтерді ескерген жөн:

- Лагерьдің өмір қызметі туралы мемлекеттік, жергілікті және өңірлік құжаттар;
- Жазғы мерекелерге арналған күнтізбелер;
- Сенің лагерьінде, ауылда, қалада, әлемде, мемлекетінде болып жатқан жаңалықтар мен күтілетін әрекеттер;
- Тәлімгердің жеке естелігінен өзінің балалық пионерлігінен күткені;
- Лагерьдің дәстүрлері;
- Балалар туралы ақпараттар;

- Денсаулықты нығайту кезеңіндегі міндеттер;
- Ауысымның модельдері.

Балалардың айтуымен, олардың тілегімен, қолдауымен жасалған жұмыс жоспары – нағыз үздік жоспар болып табылады.

Есінде болсын, бұл жоспар балалардың өмірін уақытша болса да жақсарту үшін жасалған. Олармен нені қалайтындығы жайында жай ғана әңгімелесе отырып, үздік ұсыныс білдірушілер байқауын өткізуге болады.

Тәлімгер балалардың демалғысы келген қалау үлгісіне қарай жұмысын ұйымдастырып, біртіндеп педагогикалық қызметтің толыққанды арнасына түседі. А.С. Макаренко сияқты айтар болсақ: педагогтың өзі нені ұнатса, сол іске баланы тегіс жұмылдырып қызықтыра білу керек.

Тәлімгердің жоспарында балаларға арналған дамыту сабақтары, қызықты ойындар, бірақ бұл істер балаға артық жүктеме болмайтындай жоспар болу керек.

Келесі есте сақтайтын нәрсе, ол жасалған жоспардың үлгісі емес, сол жоспардағы жұмыстың маңызында: балаларды жақсы білу, оларды жақсы көру, шыдамды болу. Осындай құндылықтарды игерген тәлімгер балаларды көзінен таса қылмай үнемі бақылап, күнделікті қарым-қатынаста болуы тиіс. [4]

Тәлімгердің жұмыс жоспарына қойылатын талаптар:

- Тұлғаның сапасын қалыптастырудың әлеуметтік тапсырысының бейнесі – педагогикалық нәтижеде анықталған жетістікке бағытталған жұмыс жоспары;
- Балалардың қажеттілігі мен қызығушылығын есепке алу;
- Қызметтің түрлерін таңдаудағы сабақтастықтың бірізділігі, жүйелілігі;
- (қызметтің түрлері, мерзімі бойынша) балалар мен тәлімгер үшін жоспардың шынайлығы мен төзімділігі;
- Балалардың денсаулығын нығайту лагерінің жоспарымен топтың жоспарының арасындағы үйлесімділік.

Жоспардың мазмұны және құрылымының үлгісі

Тәлімгерге мынандай үлгідегі жұмыс жоспарын ұсынуға болады: (тор-жоспар) үлгісіндегі әрбір күнге (таңғы – күндізгі – кешкі) сияқты келешектегі (болжамды) жоспар. Тор жоспар лагерьге келер алдында немесе жылжымалы семинар кезінде дайындалады. Жоспар лагерьдің әр күніне, кешке жақын балалардың қызығушылығын, лагерьдің

ерекшелігін, топқа берілген тапсырманы, ауа-райын есепке ала отырып жасалынады. Сондықтан оны топ жоспары атаған абзал.

Тор-жоспарға мыналарды енгізуге болады: балалардың келу және кету күні, моңшаға бару, ата-аналар күні; балалар лагеріндегі балалар үшін дәстүрлі мерекелер; кезекшілер күні; содан кейін барып – олардың кезеңдігі ескеріліп топтық іс-шаралар жоспарланады.

Жоспардың құрылуы мен құрылысын тәлімгер анықтай алу керек. Оған келесі жиынтықтарды енгізуге ұсынады:

- Топтағы балаларға демографиялық сипаттама;
- Диагностика;
- Жоспарлау кезеңіндегі тәлімгердің міндеттері;
- Күнтізбе бойынша мерзімдік тор-жоспар.

Тор-жоспар

Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі	Жексенбі
1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26		

Жоспарлаулық басқа түріндегі нұсқасы:

Күні	Күннің бөлігі	Атқарылатын жұмыс
	Таңғы	
	Күндізгі	
	Кешкі	

Берілген жоспардың нұсқаларын таңдай отырып, уақыт пен еңбекке аз уақыт жіберетін, қарапайым түрін таңдау қажет. [1]

Ойын қызметінің ерекшеліктері

Ойын әр түрлі үлгідегі көптеген ерекше белгілердің санқырлы қызметін ұлттық тәрбиені дамыту жолында біріктіреді. Балалар ойынға ешқандай күштеусіз өз еріктерімен қатысып араласады. Ойын ойнау барысында олар денсаулықтарын нығайтып, қимылдарын ширатады. Және шаршағандарын басатындығы анық.

Ойын олардың психологиясының дамуына, ұжымдық өмірге дағдылануына, ұйымдастырушылық қабілеттерінің өсуіне ықпал жасайды. Дұрыс ұйымдастырылған ойын баланы адамгершілік қағидағарына үндейді. Бір ойындардың жиынтығы баланың назарын, жадын, бақылаушылығын, логикалық ойлауын дамытуға көмек берсе, енді бір ойындар – техникалық ойындар – баланың түрлі құралдарды, еңбек құралдарын қолдануға үйретпек. Ойындар саналы, әуесқой болғанымен баланы сөзден гөрі ойын қозғалыс арқылы жақсы тағылым береді.

Баланың жасына қарай ойын қызметінің өзіндік ерекшеліктері, мазмұнына қарай өзгешеліктері, әдісіне қарай ұйымдастыру үлгісіне қарай ойындарды өткізуге болады.

«Өзінің тәрбиеленушісі жөнінде педагог нені білу керек» деген тарауда біз балалар мен жасөспірімдердің ерекшеліктері туралы олардың күш-қуатының даму ерекшеліктері туралы естеріңізге түсіреміз.

Балалар мен жасөспірімдердің жас ерекшелігін еске түсіре отырып, тәлімгер ойын ойнау қызметін ұйымдастыруда мыналарды есте сақтау керек.[1]

Кіші жастағы балалар

Жастары кіші жастағы балалар тәлімгерді тыңдай отырып, ұжымның қозғалысына қарай ойнайды. Бұл жастағы балалар қандай жағдайдағы тапсырмаларды орындау керек? Әр балаға берілген тапсырма қарапайым және түсінікті болып, қиын болса да бала оны орындай алатындай болу керек. Ол тапсырмалар ойын түрінде берілуі керек.

Ойынды өткізу және ұйымдастыру бойынша ұсыныстар

- Арналған ойындар уақытына сай аз уақыт көлемінде, қозғалыстың қимылын өзгертіп отыратындай болуы шарт.
- Үстел үстінде қозғалыссыз және көп жүктемені талап ететін ойындарды ойнауға болмайды.
- Егер ойынның шарты бойынша бала ойыннан шығатын болса, онда ол аз уақытқа ғана шығуы керек, әйтпесе ол ешкімнің

рұқсатынсыз өз бетімен ойынға араласып, ойынның ережесін бұзатын болады.

- Осы жастағы балалар бір орында қатып қалатын ойындарды жақсы көреді. Ондай ойындар артта қалушылықты болдырмайды.

- Ойынды барлық балалар жүргізгенді жақсы көреді. Жүргізушінің таңдауы күнделікті нақты болуы керек: «ол әлі ойынды жүргізбеді», «алдыңғы ойындарда батылдылық танытты», «әрдайым ойынның ережесін сақтап отырды»... Ойынның жүргізушісі санақ бойынша немесе алдыңғы ойынның жеңімпаздары бола алады.

- Балаларды белгі бойынша ережелерді бұзбай ойнауға үйрету керек.

- Ойынды аяқтап жатқанда ішіндегі ең жақсыларын атап айту керек. Рөлдік-сюжеттік ойындарды ойнаған пайдалы, әрине әр түрлі қозғалыс ойындары да пайдалы.[7]

Балаларды ойынға қалай жұмылдыру керек?

- Балаларға ойынды, ойынның мазмұнын қысқаша, бейнелі етіп түсіндіре баяндау керек. Ойынның ережесін балаға бірден бермей, тізбектеп беру. Одан кейін ойынның ережесін бала өзі есіне алып өрбіткені дұрыс.

- Балаларды командаға былай бөлуге болады: екі жүргізуші, топ жұптар бөлінеді. Жұптың құрамындағылар аңның, өсімдіктің атауымен атау ойлап табады және жүргізушіге келіп айтады. Жүргізуші команда мүшелерін таңдау арқылы анықтайды.

- Командаға бөлу бойынша тағы мынандай әдіс бар: жүргізуші сайланады, команданың бір мүшесін өзіне шақырып, шақырылған команданың мүшесі өзінің қалауы бойынша келесі мүшесін өзіне шақырады. Осылай команда жасақталады.

1. Тәлімгер ойынға балалармен бірге қатысады. [1]

Орта жастағы балалар

Ойынды өткізу және ұйымдастыру бойынша ұсыныстар

- Қимыл-әрекетке құрылған ойындардың эмоционалдық жүктемелерге құрылғанын таңдау;
- Кейбір жарыс ойындары ұлдар мен қыздарға арнап ұйымдастырылады.

Балаларды ойынға қалай жұмылдыру керек?

1. Ойынның ережесін түсіндіру, ойынды өткізу және «сараптау» мен бейнелігі міндетті емес.
2. Балаларды жастары кіші жастағы балалар сияқты топқа бөлу.

Тәлімгер ойынды тікелей балалармен бірге жетекші ретінде ойнамайды. Тек балаларға «іштей» жетекші ретінде ойынды өрбітеді. Егер балалар жаңсақ шешім қабылдаса, тәлімгер оны қабылдамауға асықпау керек. Ең жақсысы олардың қателіктеріне көздерін жеткізу. Кемшіліктерін мойындату үшін мүмкіндікті тәжірибе жүзінде жеткізуге (әрі қарай өрбітуге жібермейтін шешім болғанда). [1]

Жеткіншектер

Ойынды өткізу және ұйымдастыру бойынша ұсыныстар

- Ойын ұғынықты, әрекетті, өзіндік күрделі;
- Ойын ұзақ дайындықты талап ететін;
- Жеткіншектер ойынның пайдалылығын, маңыздылығын түсінетін.

Балалардың уақытша бірлестігінде өте маңызды ұжымдық мүдде бар. Ойын балалар мен жасөспірімдердің көңіл күй сезімін көтеріп, жазғы лагерь қызметінің түрлеріне, қызығушылығына қолдау көрсетеді.

Жеткіншектерді ойынға қалай жұмылдыру керек?

Ойынның міндеттері, рөлдері, сюжеттік таңдауы балалар мен жасөспірімдердің, тәлімгердің бірлескен шығармашылығының үдерісінде жүзеге асыруға қарай өңделеді. Бұл берілген ойында олардың қызығушылығына құрылып, көптеген педагогикалық әрекеттермен іске асырылады.

Ойынды өндеуге балаларды қатыстырса – олар оны өткізуге белсенді араласады.

Жеткіншектерді командаға бөлу немесе олардың тұлғалық қызығушылығына жұмылдырады. Егер ойынды дайындау барысында, кімнің әртіс немесе суретші және дизайнер болатыны рөлдерге бөлінген болса тәлімгер былай жасағаны жөн:

- (баланың қабілетіне қарай) көшбасшыны сайлау, топтағы баланың саны бойынша дайындық қажеттігі;
- Топтағы балалардың арасынан бір баланы командаға шақыруды ұсыну;
- Содан кейін «жаңа бала» келесі баланы шақырады.

Мұндай ойын топтың топтасуын, қызметтің бағыттылығын анықтайды.

Тәлімгер ойын барысында штурман басқарушысы болады. Одан кейін бұл міндетті балаларға бағыттау арқылы жастардың жетекшілік жасау құзіретіне бұрады. [1]

Лагерьдегі төтенше жағдайларда тәлімгердің әрекеттері

Болашақ тәлімгер (тәрбиеші) барлық кәсіпорындардағы әкімшіліктік жалпы қауіпсіздікпен қамтамасыз ету мөлшерлерін білуі керек. Балалар лагеріндегі әкімшілікке тәжірибеден өтуге келген жас мамандарды техникалық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету нұсқаулығын өткізу қажет.

Балаларды топқа бөлу жұмысы біткеннен кейін, тәлімгер, тәрбиешіге балалардың өмірі мен денсаулығына жауапкершілік міндеті жүктеледі.

Лагерьдің әр қызметкері баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген кезде қауіпсіздік мөлшерлерінің барлық түрлерін қолдануға міндетті.

Балаларды қауіпсіздік ережесіне оқытып үйретуге тәлімгер де, тәрбиеші де лагерьдегі арнайы нұсқаушы да аса жауапты әрі міндетті. Балаларға оқыс жағдайлар аяқ астынан кез болуы мүмкін. [3]

Төтенше жағдайлар – қауіпті және жайсыз жағдай анықталғаннан кейін құрылған жайлардың бірліктері.

Белгілі аумақтан шығу. Қағиданы қатаң сақтау маңызды, лагерьдің аумағынан шығуды жүзеге асыру жұмысы лагерь директорының, егер ол жоқ болса, аға тәлімгердің немесе аға тәрбиешінің рұқсатымен жүзеге асырылады:

- Лагерьден тыс жердегі аумаққа шығу жоспары алдын-ала, бір тәулік бұрын жоспарланады.
- Балаларды дайындай жүріп балалардың күш-жігерін тексереді. Егер ауа-райы ашық болса алдымен бас киімді, екінші ауыз суды көп мөлшерде алуды қарастырады.
- Жорықтың мақсатына қарай балаларға қажетті шараларды ұғындыру: талды, орманды жерлерде «бұтақтардан сақтану» жолдарын, таныс емес жидектерді, өсімдіктерді ұстауға, белгісіз жерден су ішпеуге, суға шомылу кезінде жүзу ережесін сақтауға, жол үстінде қатарды, тізбекті қатаң сақтап, арнайы белгілер бойынша жүру тәсілдерінен балаларға мағлұматтар беру.
- Балалармен жұмыс жасағанда қажетті құралдарды бірге алып кету керек.
- Жорықтан келгеннен кейін директорға келгені туралы мәлімет беру керек. Лагерьден тыс жерге шыққанда тәлімгер лагерьге жақын жердегі ерекше қауіпті нысандарды (зауыт, темір жол, автокөлік трассасы, дамба, құрылыс орны) кездескен жағдайда нысандардан қалай өту керектігін түсіндіру керек.

Егер адам тоқ көзінің астында қалса:

- Әрекетті бағалауға, электр энергиясы бар орынды анықтауға және оны тұйықтап, өшіруге мүмкіндік жасау. Бүкіл жарық беру құрылғыларын толық ажырату.
- Егер мүмкін болса, адамды киімінен ұстап, өзінде тоқ астында қалмас үшін «құрғақ» матамен ұстап (*тек бір қолыңмен ұстап*) шығару.
- Егер адам есін жоғалтса, онда ол тоқ желісінен қолын босата алмайды. Осындай жайсыз жағдайға ұшырасаң, оған қатты айғайла, сонда ол селк ете қалады және оны жылдам қатты киімінен жұлқып кейін қарай тарт.
- Жоғарғы вольтты үзілген сымның бөлшегі адамға тиіп кетсе, орнында тұрып бір немесе екі аяғыңды көтере алға немесе арт жақтағы қауіпсіз тұсқа секір.

Егер қатты нөсер басталса:

Кішігірім қойнауға, алқапқа ашық алаңнан тез қашып барып тығылу. Жүгірмей, қадаммен қозғалу. Егер нөсер жауынның астында қалсаңыз, онда үстіңіздегі бар киім суға малшынбас үшін биіктеу жердегі жұмсақ топырақтың үстіне етпеттей жатқан абзал. [1]

Алғашқы көмек көрсету

Тәлімгер өзіне сеніп тапсырылған балалардың өмірі мен денсаулығына жауапты.

Лагерьге алғаш келген күннен бастап, баланың ағзасы жаңа жағдайға, басқаша орынға бейімделе бастайды. Осы кезеңде балаларды күн тәртібімен, ішкі ережелермен таныстыру үшін зақымданудың, бақытсыз жағдайдың алдын алу бойынша алдын-алу шараларын қамтитын әңгіме жүргізу керек.

Есін жоғалтқан жағдайда аурудың басын шамалы жоғары көтеріп жатқызып, тынысын кең алу үшін киімдерінің түймесін ағыту керек. Бетіне салқын су шашып, мүсәтір спиртіне малынған мақтаны иіскеткен дұрыс.

Зақымданған жағдайда жараланған жерді қатты байлап және суық суға малынған сүлгіні басу.

Бұлшық етпен сіңір созылған жағдайда мазалаған тұсын қатты қысып суға малынған бинтпен орап байлау. Бинт кепкенен кейін сол жерді қаттырақ қыса бастайды. Ондай кезде адамды жаяу жүргізуге болмайды.

Сүйегі шыққан немесе сынған жағдайда сүйекті әурелемей, қатты таңып байлаған жөн.

Теріні немесе денені кесіп, алған жағдайда жарақаттың орнын йодпен сүртіп, зеленка немесе марганцовка жағып таңғышты жарақаттың үстіне қою керек. Егер қан тоқтамай ағар болса, онда жарақаттың үстінгі жағын жгутпен қатты байлап қой. Бірер минуттан кейін жгутты босатқанда қан тағы да тоқтамаса осы әдісті қайталап қолдану қажет.

Кеуде мен бас жарақаттанған жағдайда қатты қысатын таңғыш қою керек. Болмаса ауруды дәрігерлік орталыққа жылдам жеткізген жөн.

Мұрыннан қан тоқтамағанда басын кейін қарай шалқайтып, танаудың қанаттарын 5-10 мин. саусақтарымен қысып, мұрынға суық су басқан жақсы.

Күйік бірінші дәрежелі болғанда тері қызарғанда бес пайыздық марганцовканы басуға болады. Ол жоқ болса, қатты күрең шайдың самасын немесе ас содасын қолдану қажет.

Екінші дәрежелі күйік болғанда көпіршік үрленіп пайда болғанда, күйген орынға құрғақ таза матаны қойып тез дәрігерге жіберу қажет. Көпіршіктерді қолмен тесіп жаруға болмайды.

Үшінші дәрежелі күйік болғанда адамды жылдам дәрігерге жеткізу керек.

Ыстық күнге ұрынған сәтте адам әлсіреп, басы ауырып, құсқысы келеді. Денесі қалтырап, құсқан кезде есінен танып қалады. Осы сәтте көлеңкесі бар саялы жерге жатқызып, үстіне суық су құйған жөн. Немесе салқын суға малынған матамен ысқылап сүрту керек. Адам ауыр жағдайда болғанда оны сулы матаға орап, салқын су ұсынған дұрыс. Және мұрнына мүсәтір спиртін иіскету керек.

Ыстыққа ұрыну көбінесе желсіз тымық өте ыстық көлеңкесі аз жерлерде жиі ұшырасады. Ондай кезде оны көпшіліктің арасынан жыраққа алып шығып, оның басына немесе суық суға малынған матаны қою керек. Сулы матаға денесін ораған зардап шеккен адам үшін тиімді.

Жылан шағып алғанда адам денесі қызарып, ісінеді. Тіпті көпіршік пайда болғанын байқайсыз. Ауру тым мазасызданып, әлсірей бастайды. Басы айналып құсқанда демалу жиілігі бұзылады. Жараның орнына адам ернін тосып қан аралас ұды тістелей сорып түкіріп

тастауды ұмытпасақ еді. Жараның орнына құрғақ мата қойып, ауруға көп мөлшерде су ішкізеді.

Бал арасымен тұқымдас кене мен осыған ұқсас басқа да өрмекшілер шағып алғанда сол орынға жанармай немесе шаммай тамызу керек. Содан кейін дәкедегі тампонға мүсәтір спиртін, перекис қоспасын, марганцовка тамызып компресс жасау керек. Көп мөлшерде су ішкізген де пайдалы. Яғни, алғашқы дәрігерлік көмек көрсетілуі керек. [4,8]

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Основы вожатского мастерства» - сост. М.Е.Сысоева, С.С. Хапаева, Москва – 2002 г., 5-70 бет.
2. «Летний оздоровительный лагерь»: нормативно-правовая база (планирование, программа работы, должностные инструкции, обеспечение безопасности в предшкольных и загородных лагерях)/ сост. Е.А. Гурбина. - Волгоград: Учитель, 2005.-197 б.
3. «Пожарная безопасность в общеобразовательном учреждении» (нормативные документы, инструкции) /сост. О.В.Павлова.- Волгоград: Учитель, 20067-153 б.
4. «В помощь организаторам летнего лагеря». – сост. Л.А. Дорожкина, Б.И. Иманбекова, Ф.Т. Саметова, Ж.А. Сатыбалдина, Н.К. Тайтанова, Н.Б. Мустафина. – Алматы, 2006.-140 б.
5. «Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру – жеке тұлғаны тәрбиелеу мен әлеуметтендірудің басты шарттарының бірі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясы материалдары – Организация летнего отдыха детей – одно из основных условий воспитания и социализации личности.: Алматы, 2007.- 95 б.
6. Загородный летний лагерь. 1-11 классы /сост.: С.И. Лобачова, В.А. Великородная, К.В. Щиголь. – М.: Вако,2006.-204 б.
7. Коллективные творческие дела. Игры. Праздники. Атракционы. Развлечения. Индивидуальная работа. Соревнования: учебное пособие по организации детского досуга в лагере и школе / сост. Ю.Н. Григоренко -3-е изд., перераб. – М.: Пед. общество России, 2005.-212 б.
8. Сборник практических материалов по организации отрядной работы в ДОЛ. Кипарис-11: учебно - методическое пособие / под общ. ред. И.Н. Хуснутдиновой. – М.: Пед. об-во России, 2005.-190 б.
9. Григоренко, Ю. Н. Здравствуй, наш лагерь! / Ю.Н. Григоренко – М.: Пед. общество России, 2003 (Библиотека журнала «Вожатый века»). – (Кипарис – 4).
10. Григоренко, Ю.Н. Планирование организационной работы в детском оздоровительном лагере/ Ю.Н.Григоренко.–М.: Пед. общество России, 2003 (Библиотека журнала «Вожатый века»). – (Кипарис – 3).
11. Добрецова, Н.В. Экологическое воспитание в пионерском лагере/ Н.В.Добрецова. – М.: Агропромиздат, 1988.
12. Как вести за собой: Большая книга вожатого. – М.: Пед. общество России, 2004.-608 б.
13. Командировка в лето: Методические рекомендации /сост.: В.П. Елфимов, Т. И. Макаревская, И.Г. Федотова. – Благовещенск: Изд-во БГПУ, 2000.-120 б.